

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

г. Алматы

Абдразакова Саида	2
Амангелді Мирас	4
Ахмет Анар	6
Аяпова Амина	10
Бәкір Жанерке	14
Бекжан Мейірім	16
Берікұлы Есет	18
Берікқызы Баян	20
Джумабаева Разия	23
Дюсебаев Жекен	26
Ермекқызы Тоғжан	30
Естемесова Аяла	32
Қайратқызы Алтынай	34
Қапан Маржан	36
Қадырова Әлия	38
Кичикова Дильназ	39
Құрмамбаев Санжар	41
Курмашева Зейнеп	43
Муратова Меруерт	45
Мұқаметжанова Әнел	48
Мырзағалиева Жәния	51
Мырзан Томирис	54
Нұрланбек Балнұр	58
Орынбасарова Альбина	60
Рахымбай Ақжол	61
Сабиева Амина	64
Советова Айгерім	66
Сүлеймен Хабиба	68
Телибаева Жансая	70
Тоқбаева Ақнұр	72
Ходжалакова Эльвира	75

Абдразакова Саида

6 сынып оқушысы

№2 жалпы білім беретін мектеп

Жетекшісі: Умбетова Жанат Кулпыбаевна

Ерсіз ел болмайды, елсіз ер болмайды

Біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады. Біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол-Отанға деген сүйіспеншілік.
Б.Момышұлы

Соғыстың аты соғыс қой,
Жалмады талай арысты.
Мылтықтың оғы босқа ұшпай,
Өлім мен өмір алысты.

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 71 жыл өтті. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пиде еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске алады.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халықтармен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерліктер көрсетті, Украинаны, Венгрия, Чехословакия, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Польша, Прибалтиканы азат етті. Румыния, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өткен болатын. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатынаспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады.

«Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам-опасыз, оңбаған адам», - деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, Отан үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, өз ұрпақтарының, өз халқының намысын қорғағаны өз халқын шын сүйетіндігінен болса керек. Сондай қиыншылық жағдайда дұшпанның қаптаған қаракұрым күйіне төтеп беріп, олармен табан тіресе шайқасқан аталарымыздың ерлігі біздің көкірегімізді жарып шыққандай, мақтаныш сезімін ұялатады.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

«Ерсіз ел болмайды, елсіз ер болмайды», - дейді батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы. Ұлы Отан соғысында ел күйреп, талай адам ажал құшты. Сол соғыста өзінің қайсар ерлігімен, қайратты мінезімен жауынгерлерге жігер берген бабаларға мың алғыс. Осы ержүрек бабалар қатарында Бауыржан атамyzдың еңбегі ерекше. «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деп ұран тастаған батыр атамyz, келер ұрпақтың болашағы үшін өз басын ажалға тігіп, өліммен алысып, жеңіс туын тікті. Бауыржан ата бір естелігінде: «Мен-өзге ұлттарды құрметтеуші, өз ұлтын сүйуші адаммын», - дейді. Батырдың әр қазақтың жүрегінде сақталуының себебі де ұлтын сүйгендігінен шығар.

Бауыржан Момышұлының тұлғасы маған қашан да мұзарт шыңнын басында, мұнартып қалықтаған ақиық, мұзбалақ қыран болып елестейді.

1941 жылы Мәскеу түбіндегі қанды шайқастарда теңдесі жоқ ерлігімен әлемді дүр сілкіндірген Қазақстадық 316 атқыштар дивизиясының батальон командирі ретінде қапияда ой тауып, қараңғыда жол тауып, ерен ерлігімен аты әлемге аңыз болып, батыр қолбасшы атанды.

Оның бізге қалдырған мәңгілік өшпес, ғасырдан ғасырға жетер мұралары үшін ұрпақтары мәңгі қарыздар. Мен ержүрек батырдың шығармаларын, әңгімелерін оқи отырып, терең ойға қаламын. Отанға деген сүйіспеншілігінен, халқына деген махаббатынан, ұлттық биік рухынан қуат аламын. Оның шебер суреткерлігіне адам психологиясын танып-білудегі сезімталдығына таң қаламын.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ұлы Жеңіс-Қазақстан тарихының жарқын беттерінің бірі. Бұл-қан майданда от кешкен соғыс ардагерлері мен сол жылдары «бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деп құлақтары жастыққа тимеген тыл ардагерлерінің мейрамы деп атап өткен болатын. Табан ет, маңдай термен келген осы Ұлы Жеңіске қарумен де қаламмен де үлес қосқан аты аңызға айналған қаһарман жазушыларымыздың бірі де, бірегейі-Бауыржан Момышұлының қаһармандық рухы ұрпақтан-ұрпаққа өнеге болады деп санаймын. Біздер, кейінгі жас ұрпақтар, осындай батыр ағаларымыздың істерін мәңгі ұмытпаймыз.

Амангелді Мирас

Алматы қаласы,
№ 148 мектеп-гимназияның
6 сынып оқушысы
Жетекшісі: А.А. Салықбаева

Қазақтың қос қарлығашы – ұлтымыздың мақтанышы

Мүгедек емес олар! Жаралылар
Жеңістің қолдарында жалауы бар.
...Парадтан барады өтіп жаралылар.
Ей, Адам, Басыңды и де, қарауыңа ал!
М. Мақатаев

Әр халықтың тарихында ерекше қадірлі де үлгі тұтар дара тұлғалар болады. Олар арқылы бүкіл әлемге танылып, олармен мақтана алады. Олардың аты барда халқы әрдайым басын тікке, көкке көтереді... Олардың есімімен, рухымен, аруағымен туған халқы талай асу, талай белестерден өтпек...

Қазақта да осындай мақтан тұтуға тұрарлық азаматтары бар. Бұл қырандар өз артына мәңгі өшпес рухани мұра қалдырды. Адамгершілікке сапар шегу үшін ең ізгі жолды таңдап, салып берді. Енді, сол ізгі жолды екі айыр жолдан ажырата білу - біздің міндеткерлік.

Сондай бір ерекше өшпес тұлғалардың бірі – Әлия мен Мәншүк... Қазақтың қос қарлығашы...

Қос қарлығаштың есімізде есімі әрқашан да сақтаулы. Ал, олардың бар жасаған ерліктері тарих парақтарында мәңгі қалады. Таста қашалған Орхон-Енисей жазбаларындай...

...Мәншүктің елі үшін жасаған бар іс-әрекеті мені таң қалдырады. Артық демі қалғанша жалғыз бір өзі болса да, ештеңеден тайынбай, қорықпай қаншама жауға төтеп берді, қарсыластық көрсетті.

Қобда, Нева суларын сүйіп өскен даламыздың еркелеген құсы – Әлия да асқан ерлік көрсетті. «Он тоғыз жасар жас қыз оқып жүргенінде оқуынан сұранып, қан сасыған майданға бет алды» деген сөздерді кішкентайымда әкемнен естіген едім.

Қазақ халқының қос қарлығашы Азияның ғана емес, әлем мақтанышына айналды. Қаршадай қыздар Отан үшін қасық қандары қалғанша шайқасты.

Кішкентайымнан «халық жауының» қызы боп қорлық көрген Әлия, әкесінің жау еместігін дәлелдеймін деген сөзінде тұрды. Оның шын аты-жөні Лая Нұрмағамбетова еді. Әкесі «халық жауы» атанып репрессияға ұшыраған деседі. Кейін нағашы ағасының қолында өскен Әлия, әкеге жазылған қара күйені жоюдың бірден-бір жолы деп осындай әрекетке барады.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Адамзат тарихында қанқұйлы жойқын соғыс болып табылатын Ұлы Отан соғысындағы Әлия мен Мәншүктің ерліктері алдында біз тағзым етеміз.

Бұл – барша халық үшін аса қатал сын болған сұрапыл жылдар еді.

Осы Отан соғысының шежіресіне қос қарлығаш аса зор үлес қосты. Олар жаумен ерлікпен шайқасып жатқан Қызыл Армияның алғы шебінде болды. Отанды қорғаудың алдыңғы қатарынан көрінді.

Әрине, батырлар даңқ іздеген жоқ. Оны Отады қорғаушыларға өмірдің өзі берді. Осы даңқты сақтау, отанға берілгендікті, Отанға деген сүйіспеншілікті жастардың бойына сіңіру, тамаша жауынгерлік дәстүрді бойға дарыту бүгінгі ұрапақтың абыройлы борышы.

Ұлы Отан соғысының ерлікке толы қаһарлы жылдары бірте – бірте алыстап барды. Бірақ, адамзат дүние жүзін фашистік құлдықтан аман алып қалған халықтың ғажайып ерліктерін ешқашан ұмытпақ емес. Майдандағы жауынгерлер өз халқының аманатын адал орындап шықты.

Ерлермен қатар Әлия мен Мәншүк апаларымыздай талай қазақ қыздары Отанын, елін қорғағаны созсіз. Олардың ерлік жылдары бізге - үлгі- өнеге. Тәуелсіз Қазақстанымыздың патриоты болу – бізге сын. Ол үшін біз де кез келген ерлікке бас тігіп, дайын болуға тиіспіз деп ойлаймын.

«Өлі разы болмай, тірі байымайды» дегені бар ата – бабаларымыздың даналық ғибратында.

Ғасырлар бойы талассыз өркендеп, жан – жақты қалыптасып келген Отанға деген сүйіспеншілік – мызғымас күш. Осындай күші сарп еткен ата – апаларымыздың ерліктері алдында біз әрқашан бас иеміз.

Жері мен елінің өшпес те өлмес тартымды да әсерлі тарихын, ата – бабаларымыздың өмірлік және қаһармандық тамаша да қайсар өнегелері мен тәжірибелерін баға жетпес қазына деп түсінген және сол қасиеттерді бойына терең сіңіре білген ұрпақ қана құрметке лайық. Өйткені, кешегісіз бүгінгіміз, бүгінгісіз ертеңгіміз болмаған және болуы мүмкін емес. Бұл – өміріміздің мәңгілік заңы мен ақиқаты.

Қасиетті Отаны мен ардақты халықтың бостандығы мен тәуелсіздігі, болашақ ұрпақтарының бақыты үшін майдан даласында қасық қаны қалғанша жан қиярлық ерлікпен күрескен, Ұлы жеңіске баға жетпес үлес қосқан ата – апаларымыздың бейнесі алдында бас иіп, перзенттік қорымыз бен парызымызды өтейміз.

Қаһармандар о дүниеге аттанған болса да, олардың жаны туған халқымен бірге болсақ...

Қазағымның қос қарлығашы... Әлия... Мәншүк... Топырақтарыңыз торқа болсын. Жатқан жеріңіз жайлы болсын. Сіздердің алдарыңызда біз, жас ұрпақ мәңгілік қарыздар болып қаламыз...

Ахмет Анар

10-сынып, №179 жалпы білім беретін мектеп,
Алматы қаласы
Жетекшісі: Сағатбекова Зейнепхан Сағатбекқызы

Отан - алтын бесік

Отанның намысы үшін оттан қашпа,
Шын сүйсең мақсатыңнан қия баспа,
Тайсалма бар Отанның құрбаны бол,
Өмірің орынсыз боп кетпес босқа.
Мұхтар Шаханов

Адам баласы өмірге келгеннен бастап, оның Отанға деген сүйіспеншілік сезімі бойында оянады. Анасы жас сәбиге бесік жырын айтып, сәбидің құлағына патриоттық сезімді құяды. Есейгенде еліңді, жеріңді қорғайтын ержүрек бол, - деп ақ тілек тілейді.

Ата-бабаларымыз аласапыран, қиын-қыстау, сан ғасырлық сұрапыл оқиғаларда ақ найзаның ұшымен жерін, елін қорғады.

«Отан - отбасынан басталады», - деген мақал текке айтылмаған. Патриоттық сезім жанұяда қалыптасады. Адамзаттың бойындағы осы асыл қасиетті сезім оны ерлікке, Отан үшін жанын пида етуге жетелейді. Отанның арқасында әрбір адам баласы тіршілік етіп, дамып, ұрпағын қалдырады. Отан сүйгіштік - кісінің тұла бойындағы күш-қуатын, білімі мен өмір тәжірибесін халық игілігіне жұмсайтын ерекше сезім. Қай елдің адамы болса да, өз Отанын дүниедегі ең қымбатты, ең аяулысы - Анасына балайды. М. Әуезов «Отан - анам, Отаным, сенен аяр жаным жоқ, сенен іскер күшім жоқ», - деген.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы Кеңес өкіметіне қасірет әкелді. Бес жылға созылған сұм соғыс елдің қабырғасына аяздай батты. Ұлы Отан соғысына Қазақстаннан 1 миллион 196 адам қару асынып, майданға аттанды. 700 мың адам еңбек армиясының сапында болды. Соғыстан 410 мың Қазақстандық жауынгер ғана оралды. Бұл деректер сұрапыл соғыстың елге әкелген зардабының дәлелі. Қаншама отбасы қайғы-мұңға батты. Біреу баласынан, біреу жарынан, біреу әкелері мен бауырларынан айрылды. Халық қан жұтты. Ұлы Отан соғысы тылдағы адамдарға да, майдан шебіндегі жауынгерлерге де ауыр соққы болып тиді. Гитлердің әскерлері қалаларды қиратып, талқанын шығарды. Еңкейген кәрі мен еңбектеген жас буынды балалар да майдан үшін күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмей еңбек етті. Жауынгерлерге қажетті азық-түлік, оқ-дәрілерді жіберіп отырды. Майдандағы жауынгерлер табиғаттың қатал заңына қарамастан жан аямай

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

соғысты. Олардың мақсаты: жауды жеңіп, Отанын сақтап, жеңіс туын желбірету еді.

Қиян-кескі соғыста Кеңес өкіметінің солдаттары бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, жанын шүберекке түйіп шайқасты. Халықтар достығы мен бірлігінің арқасында 5 жылға созылған соғыста бастарына түскен қиыншылықты жеңді. Отан үшін от кешкендер соғыс өртін өшірді. Ұлы Отан соғысында кірпік қақпай соғысып, ерлік көрсеткен батырларымыз көп-ақ. Атап айтсам, Б. Момышұлы, Ә. Молдағұлова, М.Мәметова, Р. Қошқарбаев, М.Ғабдуллин, Л. Беда, С. Луганский, Панфиловшылар т.б. Батырларымыздың ерлігі жеңіс туын желбіретті. «Ер ел үшін туады, ел үшін өледі», «Отаның үшін отқа түс кймейсің», – деп түйген халықтың қаһарманы Бауыржан батыр кеудесін отқа тосты. 1945 жылдың 8 майынан бері 71 жыл өтті. Еліміз жеңіс тойын тойлап келеді. 1986 жылы тәуелсіздік үшін желтоқсан оқиғасын да халқымыз бастан кешірді. Қ.Рысқұлбеков, Л. Асанова, Е. Сыпатаев сияқты Ерлеріміз өшпес ерлік танытты. Содан бері тәуелсіздікке биыл 25 жыл толады.

Ұлы Отан соғысынан кейін халық ауыр қиыншылыққа тап болды. Қираған қалаларды аяғынан тік тұрғызуда қажырлы еңбек сіңірді. Тың жерді игеру, экономиканы, әлеуметтік жағдайды жақсартуда талай тарландар Еңбек Ері атанды. Ұлбала, Кәмшат, Жазылбек, Ыбырай Жақаев т.б. Еңбек Ерлерінің есімдерін тілге тиек ете аламыз.

1991 жылы еліміз Тәуелсіз мемлекет болып жарияланды. Қазақстан Республикасы еркіндіктің шуақты нұрына бөленді.

Сүйемін тәуелсіздік шуақ-нұрын
Даланың шалқарлығын, бұлақ, гүлін.
Қанбайсың жұпарына, сезінесің,
Қазақстан елі – менің қуат күнім, – деп,

ақын отты жырында тәуелсіздікті көркем, жарасымды бояулармен кестелейді.

Дала төсінде жаңа өмір сәулесін төгеді. Оның бауырындағы буырқанған жасампаз өмір тіршіліктің тоқтаусыз соғып жатқан жүрегіндей. Еңбеккерлер мандай терлерін төгіп, ел экономикасын өркендетіп жатыр. Елбасы – мемлекетті алға сүйреген алтын дінгек. Дінгегі мықты ел ілгері қарай дамиды. Тәуелсіздік жылдары Қазақстанның қол жеткен табыстары Елбасының еңбегімен, еліміздегі ұлтаралық татулықтың нәтижесі.

Біздің Президентіміз «Нұрлы жол» бағдарламасын жасап, экономиканы өркендетті. Жыл сайын Елбасы халыққа «Жолдау» жасайды, Отанды әлемдік деңгейге көтерудің сара жолын белгіледі. Елбасы «Қазақстан-2030 стратегиясын» елге ұсынды. Н.Ә. Назарбаев «Жолдауында» Қазақстан Республикасын қабілетті 30 елдің қатарына қосылуын ерекше атап өтті.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Елбасы елді өркендетудің 100 нақты қадамын белгіледі. Президент «Орта» және «Шағын» бизнесті дамытуға назар аударды. Жаһандық дағдарыстан шығудың нақты жолын айқындады. Елбасы депутаттарды таратып, жаңа құрамды депутаттарды сайлау туралы оңтайлы шешім қабылдады. Сайлау науқанын 20 наурызда өтуді белгіледі. Бұл додаға қолынан іс келетін терең білімді, елді дағдарыстан алып шығатын адамдар кандидаттыққа ұсынылып жатыр. Н.Ә. Назарбаев ғылымды өркендету, әлеуметтік жағдай, тұрғын үй, мектеп, бала-бақшаны дамытуды да назардан тыс қалдырмайды. Астананы дамыту – Елбасының идеясы. Еуразияның жүрегіндегі жаңа шаһар Қазақстанның баянды болашағын айқындайды. Діңгегі мықты елде бейбітшілік мәңгі жасайды. Тәуелсіздік алғалы еліміз бақыт пен шаттыққа кенелді. Қазақстан Республикасы адам танымастай ғажайып өркендеді. Қазақ елінің еңсесі көтерілді. Отанымызда жаңа технологиялар, ғылым-білім, мәдениет, экономика өрістеді. Қазақстан мемлекеті жауқазындай гүлдеді. Адамзат табиғат күштерін меңгеріп, қазба байлықтарының кенін ашты. Ғылымның дамуы таңқаларлық жағдай, қазақ елі космосты игерді. Халқымыз жеңістің 71 жылдық мерекесін ұшан-теңіз жетістікпен қарсы алуда. Елбасы қазақстандықтардың ерен еңбегін, қол жеткен толағай табыстарын бүкіл әлемге паш етті. Отанымыздың қазіргі жетістіктері – болашақ ұрпаққа арналған мұра.

XXI ғасырда Қазақстан тұғырлы, байқуатты, бейбіт елге айналды. Бұл қажырлы еңбек пен ерлік істер Ұлы Отан соғысының 75 жылдығы мен Жеңістің 71 жылдығына сәйкес жасалған игілікті бастама. Мызғымас бірлігімізбен, зор жетістіктерімізбен бүкіл әлемге үлгілі-өнегелі елге айналдық. Дүниежүзі халқы Қазақстанның өркендеуін үлгі тұтты. Әлемді мойындату – ғылымның мөлдір бұлағы, дамылсыз еңбек пен ынтымақтың көрінісі.

Қандай дүние жетеді балауыңа!
Бәрі сенің жан Отан, қалауыңа!
Өз бейнеңдей әлемге тұр танылып,
Қазақстан гербі де, жалауы да, – деп

Жұбан Молдағалиев ақын шабыттана жырлады.

Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан Республикасы – өресі биік, өрісі кең мемлекет. Қазақстанның жапырағы жайқалып, мәуелеп өседі, көк туы аспанда желбірейді. Отан – Ана – тіршіліктің бастауы. Отанымызды көркейту – әрбір азаматтың борышы.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Аяпова Амина

8 сынып, №176 мектеп-гимназия,
Алматы қаласы, Наурызбай ауданы
Жетекшісі: Ыбрайм Айшақұл Байболқызы

Ұлы Отан соғысы
Аспан мен Жер арасын
өрт қаптады жалыны жалаңдаған,
көңірсіді құйқадай адал далам.
Бір-бірінің қанынан ұрттамаса,
тыншымастай сұстанды Адамға Адам.
Түндер келді жарыңның құшағында
рахаттың орнына алаңдаған.
Жас орнына мөлдіреп жанарда қан
тамайын деп тамбаған, тама алмаған.
Алмасты лез күрсіну, күңіренумен
жүректерден шарықтап таралған ән.
Түнде соғар дүлейін жасырғандай,
күліп-атып қылымсып таң алдаған.
Бейнетімен бақ құшқан кең далаға
қанды өзендер құйғандай сан арнадан.
Мазасыз әм қысқа бұл тіршілікте
болар кейде мейірімді адамнан аң.
Сәби көңіл жандардың жанын улап
бітіспес кек, ызамен арамдаған.
Дөңбекшіді сонда Жер қанға бөгіп:

«Не кінәң бар, Адамдар, тағар маған?!» - поэзия падишасы Фариза Оңғарсынова жырлағандай, соғыс қаншама шаңырақты ортасына түсірді.

Иә, қара Жерді дөңбекшітіп, жазықсыз жандардың жанын жазылмас жарамен қан жылатқан, көп ұлтты совет халқының ер жүректілігі мен қаңға сіңген қаһармандығын әлем алдында тағы да әйгі еткен екінші дүние жүзілік соғыстың аяқталғанына жетпіс бір жыл толып отыр. Ерліктің салтанатты жеңісіне жетпіс бір жылдан астам уақыт өтсе де, соғыс қантөгісін басынан кешірген кеңес адамдары соғыс салған азап пен қасіретті күні бүгінге дейін ұмытқан емес және бұл еш уақытта да көмескіленуі мүмкін емес.

Жеңіс салтанаты. Милиондарды өмір мен үміттен айырған осы соғыстағы жеңіс салтанаты оп-оңай келген жоқ. Кеңестік партия революциялық рухта тәрбиелеген, лениндік мұраттарға шын берілген советтік ұл қыздардың майдан мен тылдағы жан аямас еңбегінің жемісі еді – бұл.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Қазақ деген-батыр халық. Ол еңкейгенде еңкейеді, шалқайғанда шалқаяды. Шірене қалса, асқар-асқар тауларына сүйенеді, еңкей қалса, азаматтығына, өзінің парасаттылығына сенеді. Сөйлесе Қазыбек данадай шешендігі бар, Төле бидей көсемдігі бар, айтыса қалса, дауласа қалса Бөгенбайдай ерлігі бар, Қабанбайдай ірілігі бар, қолынан қиыстырып жол табар Абылайдай тірілігі бар ел.

Қазір өз алдымызға мемлекет, тәуелсіз ел болсақ та, ол кездегі Кеңес Одағы барлық халықтардың ортақ мемлекет болып есептелгендіктен, батыстан жау шапқанда Отанымыздың абыройын, бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауда жаппай ерлік пен қайсарлықтың үлгісін көрсетті.

Даламыз қандай кең болса, пейілі де сондай кең, жер қойнауы қандай бай болса, жүрегі де сондай бай халқымыз қан майданда елдік мінездері мен ерлік қасиеттері сынға түсті. Осы жолда қанша ардагер әкелеріміз, аталарымыз бен апаларымыз қанын төкті, жанын пидә етті десеңші! Осылайша, біздің халқымыз соғыс барысында бүкіл әлем алдында бар ұлылығымен көрінді.

Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. оғыс - атауы құлаққа жағымсыз,тіршілікті қан жылататын,асты қайғы - қасіретке толы қаралы сөз.

Фашистер мақсаты жер бетін отарлап билік құру еді.Өзара одақ құру арқылы Германия, Италия секілді елдер бүкіл әлемді өздеріне қаратпақ болған.Тынышымен өмір кешкелі жүрген халықтың берекесін алған фашистер жоспары іске аспай өздері сол соғыстың зардабын тартты. Бұл соғысқа 61мемлекет жан жақтан атсалысты.Р. Қошқарбаев атамиздың ерлігі тарихта өз ізін қалдырды. Б. Момышұлы , Ә. Молдағұлова, М. Маметова, Т. Бигелдинов, М. Ғабдуллин секілді батырларымыздың ерлігі арқасында қазіргі тату өмірімізге бейбіт заманымызға қуанышты күнімізге жеттік.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн.

Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам -

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Даңқ орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар - Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда. Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы - мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі - қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі - Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар.

Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Жекелеген мәліметтер бойынша, адамзат тарихындағы бұл ең зұлмат соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды. 1 710 қала және 70 мыңнан астам село-деревнялар, 31 850 өнеркәсіптік кәсіпорын, 65 мың шақырым темір жол, 4 100 теміржол стансасы, 36 мың пошта-телеграф мекемесі, телефон стансасы және басқа да байланыс бекеттері жермен-жексен болған немесе жартылай қираған. 40 мыңдай аурухана немесе басқа да емдеу мекемелері, 74 мың мектеп, техникум, жоғары оқу орны, ғылыми-зерттеу институттары, 42 мың кітапхана және басқа да көптеген нысандар жойып жіберілген, тоналған.

Өмірде тарих кезеңі үнемі жаңаланып отырады. Десе де, ұмытылмайтын, ескірмейтін тарихи оқиғалар бар. Біз үшін Ұлы Отан соғысы да мәңгілік тарих. Ол біздің әкеміз бен аталарымыздың қанымен жазылған естеліктер. Өйткені олар адам айтса сенгісіз күндерді басынан өткерді. Аш та, жалаңаш та жүріп, қан майдандағы небір сұрапыл оқиғалардың басы-қасында болды. Мына жарық әлемнен ғайып болған қайран әке түсіне кіріп, булығып жылап жатқан ұлын жұбатып, тәтті ұйқысынан оятып, бойына қайта бір күш-қуат құйып, ойын түзеп, еңселетіп, тұрғызып жіберетін. Күні бүгінге дейін рухымен жебеп келе жатқан, қан майданнан қайтпай қалған сол әкенің соңынан еңбектеп қалған талай ұлдар мына өмірдің әке сабақтап кеткен мәңгілік өлмейтін тамырынан нәр алып, өздері де елге аға болды. Осы төрт жыл талай жанды қыршынынан қиды. Бүгінде қатарлары сиреп қалған ардагер аталарымыз басынан өткен сонау бір дүрмекті кезеңнің дүбірі келмеске кеткенмен, зары өшкен емес, зардабы өшпек емес. Ол жылдардың жүрекке түскен жарасы, көңілде қалған наласы қаншама!

Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – біздер өз Отанымызды сүйуге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлікті сақтауға өзіміздің үлесімізді қосуымыз керек. Кешегі жауынгер, бүгінгі ата-әжелеріміздің жеңіске жетер жолда жасаған ерліктері біздің жадымызда мәңгі сақталып, дастандай жалғаса беруі тиіс. Төрт жыл бойы қарсы келген жауының бетін қайтарып, барлық қиыншылыққа төзе білген сол бір

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

қарттарымыздың қатары жыл өткен сайын азайып барады. Ендеше, саусақпен санарлықтай ғана қалған ардагерлерімізге біздер тек Жеңіс күні қарсаңында ғана құрмет көрсетпей, өмір бойы көмегімізді аямауымыз қажет. Сондықтан еліміз аман, жеріміз тыныш болсын дегім келеді.

Нұрсұлтандай ері бар ел бақытты әрі баянды өмір сүреді дегенге сенімім өте жоғары.

Ол үшін бүгін еркін, тәуелсіз еліміздің білімді, саналы, салауатты ұрпағы болуымыз керек.

Бәкір Жанерке

7-сынып оқушысы Шона Смаханұлы атындағы №62 гимназия

Алматы қаласы

Жетекшісі Исова Гульмира Кадылбековна

Желбіреген Жеңіс туы

Бұлт түнеріп аспаннан
Талай көзден жас тамды
Тұтқиылдан жау тиіп
Қырғын соғыс басталды.

«Жеңіс» деген сөзді естігенде, бірден есімізге Ұлы Отан соғысы түседі. Себебі, сол бір сұрапыл соғыс әр адамды қажытты. Бірі қызынан, бірі анасынан, бірі әкесінен, енді бірі тірегінен айырылды. Зар илеген ана мен баланың дауысы әрбір адамның жүрегіне қаяу салды. Миллиондаған адамдар мерт болып, мүгедек болып қалды. Бірақ бәрібір Берлиндегі рейхстаг үстінде жеңіс туы желбірей көтерілді. Осы жеңісте Қазақстаннан шыққан қаһарманмен жауынгерлердің қанымен, жанымен мына жарық өмір үшін аянбай ұмтылған зор үлестері бар еді. Соғыс салған зардап әлі күнге дейін толық жойылған жоқ. Олардың Отан үшін қан кешкен әрбір қадамы, жеңісті жақындата түскен әрбір күні ұмытылмайды. Біз соғыстан кейін туған ұрпақ кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарындағы аға ұрпақтың – қазақтар мен қазақстандықтардың жанкешті ерлігі туралы тек оқулықтардан, көркем әдебиеттен және кинотуындылардан ғана білеміз. Бұл соғыста Кеңес Одағын мекендеген барлық халық бір жағадан қол, бір жағадан бас шығарып Отанын қорғады. «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» - дей келе Ұлы Отан соғысының 71 жылдығына орай ата-бабаларымыздың рухына тағзым ретінде олардың ерен ерліктерін, жер, Отан, біздердің жарқын болашағымыз үшін жасаған ерліктерін мәңгілікке есте сақтап, жадымызда ұстаймыз. Қанша жылдар өтсе де, бұл соғыста ерлікпен қаза тапқан әрбір батырларымыздың тарих төрінен орын алатыны және ұрпақтары мәңгі жеңіс алауын сөндірмей, Отан үшін от кешкендерді әрқашанда жүрек түпкірімізде ұстаймыз. Осы орайда, Әбу Сәрсенбаев атамyzдың «Сен құрметте оны, қарағым» атты өлеңі еске түседі.

Бұл өлеңде былай жазылған еді:

Сен құрметте оны!
Түсіндін, бе, қарағым?
Ол ақшаға сатқан жоқ,
Тізеден кесіп аяғын.
Еріккеннен ұстап та жүрген жоқ,
Қолтықтағы ұзын таяғын.
Кеше елге қатер төнгенде

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Ол жауға қарсы шапты,
Бізді жалмамақ болған ажалды
Өр кеудесімен қақты.
Ол арыстанша алысты,
Өлім соққысын өз үлесіне алды.
Денесін оқ пәршелесе де
Ел намысын қорғап қалды.
Сен құрметте оны!
Түсіндің бе, қарағым?
Сенің келешегің үшін берді ол
Азаттық, жолда аяғын!

Біз бұл өлең қазіргі таңдағы жастарға арналғанын білеміз, яғни, соғыстан оралған ардагерлерімізге құрметпен қарап, көмектесуіміз керек. Олар біз үшін қан кешті. Соғыстағы батырларымыз бен қоса ауылдағы ата-апаларымызға да ауыртпалық түсті. Олар тылда еңбек көрсетіп, соғыстағы батырларымыздың жағдайы үшін барлығын дайындап жіберіп отырды. Мұрнынан шаншылып жұмыс істеді. Міне, соғыстың басталғанына 75 жыл толыпты. Ал, Жеңіс туының желбірей бастағанына 71 жыл толды. Ұлы Жеңіс күні, елі мен жері үшін жанын пиде еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, аулына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді. Бәрімізге аян, Жеңіс туы 1945 жылдың 9 мамырынан бастап желбіреп тұр. Осы күн қазіргі таңда біз үшін үлкен Мейрамға айналды. Жылда ардагерлерімізге арнап іс-шаралар ұйымдастырылып отырады. Ұлы Жеңістің 71 жылдығы да жақындап келеді. Уақыт өз дегенін істейді екен. Жыл өткен сайын бізге Ұлы Жеңісті, болашағымызға деген үмітті сыйлаған ардагерлеріміз бен тыл жұмыстарында аянбай тер төккен жандардың қатары сиреп барады. Сол себепті, көздерінің тірісінде ардагерлерімізді ардақтап, аялап, қадірлеп, құрметтеуіміз керек. Ардақты жандарымыздың өз қолымен орнатқан Жеңіс туы мәңгі желбіресін деп тілейік.

Жеңіс туы,
Желбіресін мәңгілік!
Жеңіс жыры,
Асқақтасын жаңғырып!
Жеңісім – салтанат, сән, сәулет,
Жеңісім – береке, бақ, дәулет!

Бекжан Мейірім

8-сынып, №2 жалпы білім беретін мектеп

Алматы қ. Жетісу ауданы

Жетекшісі: Райымбекова З.К.

Ұлы Жеңіске 71 жыл

Жеңіс! 1945жылдың 9 мамыры күні дәл осы шаттық хабарды естіп тұрып, бүкіл әлем теңселіп кетті. Жер жүзі халықтарының жүректері қуаныштан лүпіл қақты. Кеңес одағының тұрғындары бес жыл бойы күндей күркіреген соғыста 1418 күн мен түнде бүкіл жігерімен жеңіске ұмтылған... Миллиондаған адамдар мерт болды. Миллиондаған адамдар мүгедек болып қалды. Бірақ бәрібір Берлиндегі Рейхстаг үстінде жеңіс туы желбірей көтерілді. Осы жеңісте Қазақстаннан шыққан қаһарман мен жауынгерлердің қанымен, жанымен мына жарық өмір үшін аянбай ұмтылған зор үлестері бар еді. Ұлы Отан соғысы халық өмірімен, тағдырымен тығыз байланысты. Отан қорғауға ерлер мен әйелдердің құқығы тең болған еді. Сондықтан әйелдер де Отан үшін күресіп, жауға қарсы тұрды. Қазақстанның екі батыр қызы М. Маметова мен Ә. Молдағұлова осы соғыстың батыр құрбандары болды.

Ұлы Отан соғысы қазақ халқы үшін үлкен сынақ болды. Әйгілі қолбасшы, соғыс батыры Б. Момышұлы «Соғыс қазақ халқының тарихын күрт өзгерткен, бұрылыс әкелген, миллиондаған отандастарымыздың арасында өшпес із, жазылмас жара қалдырды» деп өз ойын айтып еді. Ата-бабаларымыз майданға жан аямай арпалысты. Олар біз үшін, біздің болашағымыз үшін, туған жеріміз үшін, туған тіліміз үшін жауға қарсылық білдіріп, үлкен ерліктер көрсетті. Біз енді осы ата-бабаларымыздың үмітін ақтауымыз керек. Себебі, болашақ біздің қолымызда. Қазақ халқы Ұлы Отан соғысында болған оқиғаларды көре және біле отырып, жайбарақат отыра алмайды. Мұны жадымыздан шығарып, өшіріп тастау біздің қолымыздан келмейді.

Соғыс салған зардап әлі күнге дейін толық жайылған жоқ. Олардың Отан үшін қан кешкен әрбір қадамы, жеңісті жақындата түскен әрбір күні ұмытылмайды. Өйткені, ерлік шежіресі ұрпақтан ұрпаққа ұлағат, ертеңгі күнге үлгі боларлық сабақ. Біз соғыстан кейін туған ұрпақ кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарындағы аға ұрпақтың қазақтар мен қазақстандықтардың жанкешті ерлігі туралы тек оқулықтардан, көркем әдебиеттен және кинотуындылардың ғана білеміз. Жеңістің 71 жылдығы қарсаңында Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтардың рухына бас иіп, олардың ерлігінің саяси кейінгі буынның азаматтың парызы. Соғыста біздің аталарымыз ежелден еркіндік аңсаған ер қазақтың өршіл рухын, батырлығын әлемге паш етті. Қазақ ұлты ұландарының антқа адалдығын көрсетті. Біз ата-бабаларымыздың алдында бас иіп, құрметтеуіміз бұл адамгершіліктің белгісі.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш-бірлік. Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерей тойы. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр.
Бірі мініп келместің кемесіне,

Бірі күтіп, әнекей, жағада тұр,-деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдесіз құндылық ұрпақ аралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жас санап азайып барады емес пе?! Соларды жанымен, қанымен көз жасымен, күшімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, жеңістің табысын басқан күн—Жеңіс күні. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған, қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен жеңіс күнін біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Соғыстың от-майданында жүріп «алты малтаны ас етіп», толарсақтан қан кеше жүріп елге жеңімпаз ретінде оралған соғыстың ерлік рухын, қазақ ұлты ұландарының ерлігі мен мәрттігі туралы бүгінгі ұрпаққа жеткізген кешегі өткен Б. Момышұлы мен Қ. Аманжолов, Жұбан Молдағалиев, Ә. Нұрпейсов, М. Әлімбаев, Ә. Нұршайықов және басқаларды айту парыз. Иә, 1945 жылдан бері көр оқиға болды. Елімізде түрлі күрделі оқиғалар болды. Әлемнің саяси картасында Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті берік орын тепті. Қанша жылдар өтсе де, бұл соғыста ерлікпен қаза тапқан әрбір батырларымыздың тарих төрінен орын алатыны және ұрпақтары мәңгі жеңіс алауын сөндірмей, Отан үшін от кешкендерді әрқашанда жүрек түпкірімізде ұстаймыз.

Берікұлы Есет

7- сынып, Т. Жүргенов атындағы орта мектебі
Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Нұра ауылы
Пән мұғалімі: Тлеубаева Айсәуле Әбдімәлікқызы

Ұлы Жеңіс жасасын!

1941 жыл 22 маусым ... фашистік Германия Кеңес Одағына опасыздықпен шабуыл жасады. Кеңес Одағына Ұлы Отан соғысы басталды... Қазақ елі үшін ауыр жылдар еді... Фашистер Кеңес үкіметінің жерін басып алу үшін бар күшін салды. Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап-ақ қатарында мыңдаған қазақстандықтар шайқасқан Кеңес жауынгерлері барлық майдандарда фашистік басқыншыларға қарсы кескілескен ұрыс жүргізілді.

Ұлы Отан соғысы кезінде Батыр атағын шығыс қыздары ішінде алған халқымыздың қаһарман қыздары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Маметованы, сом білекті атамыз Бауыржан сынды батырларымызды әрдайым да мақтан тұтамыз. Олар – елін қорғап қалу үшін төсін оққа тосқандар. Мәскеу түбінде генерал-майор И.В Панфилов қолбасшылық еткен даңқты 316 атқыштар дивизиясы ерлікпен шайқасты. Мәскеу үшін болған шайқастарды еске ала келіп, Ұлы Отан соғысының аты аңызға айналған қаһарманы Бауыржан Момышұлы былай деп жазды: “Біздің жүрегіміз темір емес, бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады...Біздің үрейлі жеңетін қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік”.

Ленинград үшін шайқастың ауыр күндерінде қазақтың халық ақыны Жамбыл ленинградтықтарға “Ленинградтық өренім!” деген жырын арнады.

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің!
Нева өзенің сүйкімді,
Бұлағымдай көремін.
Көпіріне қарасам,
Өркеш-өркеш жарасқан,
Шоқылардай дер едім.
Сапырылған көк теңіз,
Шомылыдырып кемерін!
Шамы күндей жайнаған,
Аспанға үйлер бойлаған...
Арқа тұтып алыста,
Айбыным деп ойлағам!

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Ұлы Жеңіске ат салысуда тылдағы еңбекте апаларымыз бен аналарымыз әкелерімізден кем түскен жоқ. Уақытпен санаспай, ыстыққа күйіп, суыққа тоңа жүріп Ұлы Жеңіске өз үлестерін қосқан еді. Жауға атылған үш оқтың екеуі Қазақстанда жасалғанды. Жеңіс жеңілдікпен келген жоқ. 1418 күнге созылған бұл қатерлі айқастағы халқымыздың жанқияр ерлігі мен жеңіс тарихын ешкім де, ешқашан да ұмытпақ емес. Соғыс өрті қашан да халық есінде.

Соғыс даласында хабар-ошарсыз кеткен, қаза тапқан ер-азаматтар қаншама. Ұлы Отан соғысының отты жылдарында біздің жерлестеріміз де өшпес даңққа ие болды. Қаншама қазақстандықтар Кеңес Одағының батыр атағын алып, қаншама жауынгер ордендер мен медальдармен марапатталды. Міне, осынау елімізге лаң салған алапаттың аяқталғанына 75 жыл толып отыр.

Жеңіс... Иә, оны сан миллиондаған адамдар 4 жыл бойы минуттап, сағаттап сарыла күтті емес пе?! Ақыры олардың үміті мен сенімі аяқталды, тілектері орындалды. Бірақ сол Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Жеңіс қолында Отан үшін су кешіп талай миллиондаған асыл азаматтар мерт болды. Жауымен жан аямай шайқасып, ерліктің ерен үлгілерін көрсетті, бірақ ешкімнің сағы сынбады. Олардың бойындағы отаншылдық сезім, қолына қару алып, сапқа тұрған көптеген ұлт өкілдерінің тізе қосқан бірлігі мен ерлігі Жеңіс сағатын жақындата түсті. Осы қан майданда қасық қаны қалғанша соғысып, ерлік істері мен Отан үшін күрескен батырларымызға алғысым шексіз. Осындай батыл да ержүрек аға-апаларымыздың арқасында еліміз өз тәуелсіздігін алды. Әлемдегі теңдесі жоқ қазына – Тәуелсіздікті бабаларымыз бізге сыйлады. Келер ұрпақтың қамын ойлап, Отаны үшін отқа түскен батырларымыздың арқасында біздің балалық шағымыз алаңсыз, уайымсыз өтуде.

Халқымыздың аталы сөздерімен қарулана отырып, егемен еліміздің шоқтығын биіктете беру үшін біз де тер төгіп, еңбек етуіміз керек. Аға ұрпақтың жүріп өткен даңғыл жолын жалғастырушы – біздерміз. Біз бейбітшілікті жақтаушы елміз, достықты жырлаушы, тыныштықты сақтаушы елміз. Елімізде және жер бетінде тыныштық сақталсын. Жасасын, Мәңгілік ел –Қазақ елі!!!

Берікқызы Баян

11-сынып, №164 жбб мектеп,
Алматы қаласы, Алатау ауданы
Жетекшісі: Сарсембина Лаура Тураровна

Ұлы жеңіске 71 жыл

Ұлы Отан соғысы еліміздің басына ауыр қасірет пен бейнет, азап пен қайғы алып келді. Аналарымыз жылап, бауыр еті балаларын майданға аттандырып, өздері ауыр жұмысқа жегілді. Жеңгелеріміз қимас ерлерін соғысқа шығарып салды. Сәбилеріміз ел басына төнген мына бір қасіретке көндіге алмай, жәутеңдеп қала берді. Ауыл өмірі сондай бір жұпыны, көңілсіз күй кешті. Әйелдер мен қарттар, қабырғасы қатпаған жеткіншектер күн шықпай егіс басына барып, күн ұзақ егін егіп, майданға азық дайындаған. Қас қарайғанда шаршап келіп, сұлделері құрып, омақаса құлаған. Оның үстіне майданнан күнде бір үйге қара қағаз келіп, онсыз да қоңыр ауылды күңіrentіп, жоқтаумен тітіркендіріп жіберген.

Иә, майданға ұлдарын аттандырған ауылдың тіршілігі осындай болғанмен, майдандағы аға-әпкелеріміз өз борыштарын абыроймен өтеп жатқан. Олар қазақтың қайсар халық екенін дәлелдеп жатты. Еліміз бұл соғысқа бір миллион 366 мың адамды аттандырған. Олардың 5183 қыз-келіншектер болған. Жалпы республикамыздан 12 атқыштар дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы, 4 атты әскер дивизиясы және 2 артиллериялық, 4 минометтік, 3 авиациялық полк, 14 жеке батальон құрылып, майданға жіберілген. Осындай дивизиялардың бір тобы батыс майданы құрамына еніп, Мәскеуді қорғауға қатысты. Солардың бірі-генерал И.В.Панфилов басқарған 316-атқыштар дивизиясы. Кейіннен бұл құрама асқан ерліктің үлгісін көрсеткені үшін 8-гвардиялық дивизияның құрамында батальон, полк командирі, Кеңес одағының батыры, Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы да бар еді. Ол 1941 жылғы күзгі, қысқы кескілескен шайқастар кезінде өз батальонын 27 рет шабуылға бастап шығып, 5 рет қоршауды бұзып, аман-есен өз дивизиясына қосылды. Ресейдегі Волоколамск, Горюнь, Матренино, Лопастино, Крючково, Бородино, Трашково т.б қала, ауылдар үшін болған қырғын ұрыстарда 9 рет асқан ерлік көрсеткен. Батыр да іскер Бауыржан атамyzдың жауынгерлік іс-қимылдарға қатысты ұрыстан шығу, шегініс жасау тәсілдерінің арнайы тарау болып әскери жарғыға енуі, әрі «ошақты» және «икемді қорғаныс» атты әскери ұғымдарды қалптастыруы мақтанарлық жағдай екенін мойындағанымыз жөн. Бауыржан атамyzдың батырлығы, іскерлігі А.Бектің «Волоколамск тас жолы» кітабында суреттеледі.

Республикамызда жасақталған әскери құрамалар екінші дүниежүзілік соғыстың басты майдандарында болып, жеңіс жолында жаумен аянбай

айқасты. Олар Мәскеу түбіндегі шайқасқа қатысып, ерлік пен табандылықтың тамаша үлгісін көрсетті. Сталинградты қорғасып, Паулюс әскерлерін талқандасты. Ленинградты жаудан азат етті. Ақыры жау астанасы Берлинді алуда маршал Жуков басқарған I Белорусь майданының құрамында болып, Кеңес Одағының батыры, майор Сағадат Нұрмағанбетовтың жауынгерлері Гитлер паналаған бункерді талқандаса, взвод командирі Рақымжан Қошқарбаев жау ұясы Рехстагга алғашқылардың бірі болып ту тікті. Рейхстагга ту тіккен 150-атқыштар дивизиясы Қостанайда жасақталған 756-атқыштар бригадасы негізінде құрылған еді. Қалай дегенмен де, қазақ халқы Ұлы Отан соғысына дейін де өз батырлығы мен қайсарлығын дәлелдеп қойған-ды. Ежелгі ата-бабаларымыз ғұндардан қытай елі сақтанып, ұлы қытай қорғанын салғанын тарих дәлелдеп отыр емес пе? Мәдениеті де, өнері де, батырлығы да таңдай қағарлық екенін бір ғана сақ жауынгеріннің алтын киіміндегі зергерлік өнердің өзі ақ дәлелдеп отыр емес пе? Ежелгі Мысырды билеген Сұлтан-Бейбарыс пен Ресейді мойындатқан Ораз-Мұхаммед бабамызды қайда қоясыз? Әрине, осындай қайсар халықтың ұрпағы Ұлы Отан соғысында да өздерін дәлелдеп жатты. Мәселен, немістің 100 солдатын атып өлтірген солдат «Кеңес Одағының батыры» атағына ие болуға тиіс майданда мерген ағаларымыз Ы.Сүлейменов, Т.Сүлейменов, Қ.Адамбеков өздерінің мергендіктерін таң қаларлықтай дәрежеде дәлелдеді. Ыбырайым Сүлейменов атамыз 341 немісті атып түсірсе, Төлеуғали Әбдіков деген жауынгер 397 немістің көзін жойған. Немістер арасында Төлеуғали Әбдіков «Қара өлім» деген атпен танымал болған екен. Бірақ белгісіз себептермен Кеңес Одағы батыры атағы бұйырмаған бұл жауынгер біздің жадымызда мәңгі сақталып, мақтанышымыз болары сөзсіз. КСРО батырлар саны жағынан қазақтар бесінші орынды иеленген екен. Егер алалау әрекеттері болмағанда, одан да жоғары орындардан көрінуіміз ғажап емес еді. Калинин майданының іздік мергені атанып, «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталған, жаудың 227 солдат-офицерін жойып жіберген Ысқақ Уәлиев; офицерсіз қалған ротаны аға сержант болып шабуылға көтеріп, осы ұрыста 38 жау әскерінің көзін жойып, 49 немісті тұтқынға алған Алқал Оңғаров; Панфилов дивизиясының батерея командирі, жаудың 4 танкісін, 5 броннмашинасын, 18 оқ ататын нүктелерін талқандап, Берлин үшін болған шайқаста 200 фашисті жойған офицер Аманша Мендіғалиев; бір өзі гранатпен, автомат оғымен 52 фашисті өлтірген, жаудың 2 пулементі мен танкті ататын мылтықтың құрылымын жойып, 7 неміс солдатын тұтқынға алған, 25 жауынгерді ерлікке бастап, бүкіл полктің ілгері басуына мүмкіндік берген лейтенант Сұлтанбай Ысқақов; Орел-Курск доғасындағы шайқаста бөлімше командирі болып жүріп, 5 дұшпанды атып өлтіріп, 25 немісті гранатамен жайпап, 19 –ын тұтқынға алған ефрейтор Ғұсман Ахметқалиев; жаудың 5 дзоты мен 2 броннмашинасын бір уақытта жойып жіберген сержант Ораз Әлібаев; «Даңқ» орденімен төрт мәрте марапатталған, 1945

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

жылғы Мәскеудегі Жеңіс шеруіне қатысушы старшина Темірғали Исабаев; 1941 жылдың 8 тамыз күні Берлинді бірінші рет бомбалап, аса қауіпті тапсырманы орындауда асқан ерлік пен кәсіби шеберлік көрсеткен Біләл Қалиев; бір өзі жаудың екі танкісін қиратқан батальон камсоргі, гвардия лейтенанты Алтыншаш Нұрғожинвалар сияқты жауған оқтың астында жауға қарсы батылдықыпен шайқасқан тағы да басқа қазақ батырларының ерен ерліктері елеусіз қалды. Бірақ біздер үшін бұл азаматтар халық қаһарманы ретінде, ерен ерлік иесі ретінде жадымызда мәңгі сақталатына кәміл сенемін.

Ұлы жеңістің 70 жылдығы қарсаңында теледидардан көрсетілген бағдарламаларды да неміс халқының өзі тек қазақтардан құралған дивизиялардың қайсар екенін мойындағанын естіп, кеудемде мақтаныш пен сүйсіну сезімі қатар ояңғанын жасыра алмаймын. Ұлы Отан соғысында ерліктерімен аңызға айналған Хиуаз Досанова, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Төлеген Тоқтаров, Талғат Бигелдинов, Мәлік Ғабдулин сияқты көзсіз ерлікпен көзге түскен ерлеріміздің ерліктерін айтып жатудың өз артық. Барлаушы партизан Қасым Қайсенов атамыздың да қайсар ерлігі мен ақылдылығы, қанды соғыстан өз түйсігінің арқасында аман келген өр атамызды мәңгі мақтан тұтамыз. Әрине, ажалсыз өлмейді, дегенмен ол кісінің жау мекенінде бөріше жортып жүріп, жау оғынан аман келуі ақылдылығын да көрсетсе керек.

Ұлы да, асқақ ардагерлер, Ұлы Отан соғысында сендер көрсеткен ерен ерлік, төккен қан, қиған қыршын өмірлерің ұрпақ үшін баға жетпес үлгі, қасиетті рух ретінде санамызда мәңгі жаңғырады. Сендердей асқақ ұлдардан тараған ұрпақ, мына біздер, осал болуға тиіті емеспіз! Тәуелсіз еліміз Қазақстанның көк байрағын әрқашан желбіретуге, қажет болса, өмірімізбен қорғауға уәде бе

Джумабаева Разия

10«ә» сынып, №24 «Экономика және бизнес»
Арнаулы лицейі, Алматы обл., Талдықорған қ.
Жетекшісі: Нуркожаева Бакыт Даулетовна

Бейбіт күн жасасын әлемде

Батыр ел үшін туады,
Елі үшін өледі.
Халық мақалынан

Қаһарман қайсар рухты қазақ елі батыр халық. Ол шірене қалса, асқар-асқар тауларына сүйенеді, айқын шалқар көліне, кең байтақ жеріне одан кейін азаматтығына, өзінің парасаттылығына сенеді. Сөйлесе Қазыбек данадай шешендігі бар, Төле бидей көсемдігі бар, айтыса қалса, дауласа қалса Бөгенбайдай ерлігі бар, Қабанбайдай ірілігі бар, қиыннан қиыстырып жол табар Абылайдай бірлігі бар ел. Қазір өз алдымызға мемлекет, тәуелсіз ел болсақ та, ол кездегі Кеңес Одағы барлық халықтардың ортақ мемлекет болып есептелгендіктен, батыстан жау шапқанда Отанымыздың абыройын, бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауда жаппай ерлік пен қайсарлықтың үлгісін көрсетті. Даламыз қандай кең болса, пейілі де сондай кең, жер қойнауы қандай бай болса, жүрегі де сондай бай халқымыз қан майданда елдік мінездері мен ерлік қасиеттері сынға түсті.

Аяулы мен Әлия мен Мәншүгімді, - деп есімдерін ән-жырға арқау еткен шығыстың қос жұлдызы Әлия мен Мәншүк есімін бүгінгі ұрпаққа ерліктің ғажайып үлгісі деп айтар едім. Мәншүк Маметованың қайтпас қасарлығы таң қалдырмай қоймайды. Сол секілді мергендігімен талай жаудың көзін құртқан Әлия есімі тарих парақтарында алтын әріппен жазылып қалды.

«Ел шетіне жау тиді» дегенді естігенде Қабанбай, Бөгенбай, Амангелді батырлардың ұрпақтары қолдарына қару алып, бір кісідей кеуделерін оққа тосуға әзір екендіктерін білдірді, елі үшін өлуге, елін қорғауға ант берді. Осындай сияқты жау жағадан алғанда ел қорғау өмірлік парызы деп білген, елін ер ерлерше қорғап, Отан соғысының лапылдаған оттың ішінде қаза тапқан жалынды публицист, ержүрек жауынгер Баубек Бұлқышев Отанды қорғауды азаматтық борышы деп түсінді. «Өмір сүргім келеді» деп шырылдаған жиырма сегіз жастағы жауынгер ерен еңбегімен керемет Жауынгер қаламынан шыққан жалынды үн жерлестерінің жанын тебіренітіп, отты жылдарда өз рөлін атқарды, болашақ ұрпаққа айнымас ұран болып қалды.

«Біз – Кеңес адамдарымыз, біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады... біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік», - деп

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

еліне, жеріне деген шексіз махаббатын, құрметін майданда дәлелдеген, біртуар азамат, қайталанбас тұлға Б.Момышұлының ел үшін еткен еңбегін айтпай кету мүмкін емес.

Халық ақыны Нұрпейіс Байғанин шығармаларының басты тақырыбы майданға көмекті күшейту, жауынгерлердің рухын көтеріп, олардың бойында ел алдындағы борышты өтеу сезімін тәрбиелеу болды. Ақын жауға деген ызакегін:

Өлер күнің таянды,
Халық түгел ашынған.
Алар сенен қанға-қан,
Алар сенен жанға-жан.
Жоқ боларсың, бітесің.
Адам жауы-сұр жылан», - деп білдірді.

Отанға төнген қауіп қарт ақын Жамбылды тыныш жатқызып қоймады. Соғыстың алғашқы төрт жылында ол үш мың жолдай жыр төкті. Олардың ішіндегі ең көркемі әрі құндысы «Ленинградтық өренім» толғауы еді. Бұл өлең елден бөлініп, қиын шақты басынан өткізген қаһарман ленинградтықтарға арналған болатын:

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің.
Нева өзені сүйкімді
Бұлағындай көремін,

- деп басталатын толғау қалада радиолардан беріліп, әр көшеде, алаңда Ленинградты қорғаушыларға зор қуат берді. Майдандағы әскерлер де, тылдағы жұмысшылар да, аналар мен қарт әжелер де, тіпті жас балалар да Жамбыл өлеңін сүйсініп оқыды. Жауынгерлер ақынның жалынды сөздерінен керемет рухтанып, арыстандай арпалысты, мыңдаған адамдар көздеріне жас алып, жігерленді. Себебі, Жамбыл бұл өлеңінде әскердің қаһармандығын, жауға деген өшпенділігін айтады. Ақын: «Жата алмаймын төсекте жаным қалай жайланат» деп, өзін олармен бірге санайтынын білдіреді.

Осындай сұрапыл жылдары бір қолына қару, бір қолына қалам ұстаған өршіл рухты, сыршыл батырымыз, жан дүниесі шымырлатқан шерге толы ақынымыз Қасым Аманжолов болды. Буырқанған була күшке, екпінді еркелікке толы, шиыршық атып, бұлқына ойнап тұрған айбынды, қайраты, тепсініп темір үзердей ішкі қуаты сапырылыса, шайқала шапшыған ақын өлеңдерінде Отанға деген шексіз махаббатын керемет суреттейді. Ақынның осындай отты, өршіл шығармаларының бірі - «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы. Басқыншы зұлым жауға ең соңғы оғы қалғанша берілмей соғысып,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

ажалмен бетпе-бет тұрған, ерлікпен қаза тапқан жауынгер ақын Абдолланың ерлігін, батырлығын суреттейтін бұл шығарма керемет ұлтжандылықпен, ерекше айбындылықпен жазылған.

Қасиет-күші ұлы Отанның,
Қанатын бер қыран құстың!
Ашуын бер арыстанның,
Жүрегін бер жолбарыстың!

- деген поэма үзіндісі «ата жаумен арпалысқан ұланды ұлы ететін, жаужүрек батыр ететін - оның Отанына деген махаббаты» дегенді дәлелдейді. Шынымен де, елін, жерін тебірене сүйген адам ғана батырға айналады.

Ұлы Отан соғысы кезінде жаңбырдай жауған оқтың астында апталап, айлап, тіпті жылдап қан кешіп, мұз жастанып, қар жамылып, қанын төккен аталарымызды, тылда арып-ашып еңбек етіп, осындай өмірге жеткізген аға-аталарымыздың алдында біз өмірбақи қарыздармыз. «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» - деп, Ұлы Отан соғысының 70 жылдығына орай ата-бабаларымыздың рухына тағзым ретінде олардың ерен ерліктерін, жер, Отан, біздердің жарқын болашағымыз үшін жасаған ерліктерін мәңгілікке есте сақтап, жадымызда ұстаймыз. Қанша жылдар өтсе де, бұл соғыста ерлікпен қаза тапқан әрбір батырларымыздың тарих төрінен орын алатыны және ұрпақтары мәңгі жеңіс алауын сөндірмей, Отан үшін от кешкендерді әрқашанда жүрек түпкірімізде ұстаймыз. Ерлігін жыр қылып айтатын әрбір қазақ батырымызды ешбіріміз ешқашан ұмытпаймыз.

Қазір біз болашағы жарқын, бағыты айқын тәуелсіз елде өмір сүріп жатырмыз. Бүгінгі ұрпақ бұл азаттықтың қалай келгенін әрине біледі. Қазіргі таңда қаншама елдің бірлігінің бұзылған уақытында тату - тәтті ғұмыр кешіп жатқан біздер, шынымен де бақыттымыз. Бұл тәуелсіздік менің Отаныма берілген тәңірдің сыйы. Аналар да, балалар да жыламасын, даламыз жұтамасын. Ұланғайыр кең даламды соғыс өрті шарпымасын. Бұл әрине, барлық адам баласының арман - тілегі. Біз ардагерлеріміздің ерлігін еш уақытта ұмытпауымыз керек. Екінші дүниежүзілік соғыста ерлік пен өрлектің хас үлгісін көрсеткен майдангерлерді мадақтау, олардың алдында бас иіп құрметтеу - бүгінгі ұрпақтың бұлжымас парызына айналуы тиіс.

Дюсебаев Жекен,

9 сынып, БІ.Алтынсарин атындағы №159 гимназия

Алматы қаласы

Жетекшісі: Хамиева Тамара Хабибуллина

«Радио әжейдің» радиосының дауысы

Қанша үйдің ұрлап адамын,
Қанша үйде сөніп қалды оттар.
Көрдің бе ұлын ананың,
Соғыстан қайтқан солдаттар?
Сырбай Мәуленов

Көктемгі демалысқа шығысымен әкем екеуіміз әкемнің кіндік қаны тамған ауылына барып қайттық. Бұл жолғы сапар мен үшін естен кетпес әсерлі болды.

Біздер ауыл іргесіне іліне бергенімізде, күн бесінге таянды. Тау етегіндегі ауылдың тыныс-тіршілігі алыстан байқалмайды.

Тыныштық. Осы тыныштықты әкемнің дауысы бұзды :

- Анау ауыл шетіне таман тұрған кішігірім ескі үйді көріп тұрмысың?- деді, ноқаттай боп көрінген бір ескі үйді нұсқап.

-Иә, көріп тұрмын,- дедім, әкемнің жүзіне қарап
Әкем іле-шала:

- Ол- «Радио әжеміздің» үйі, әлі бұзылмай, сол қалпы тұр,- деді.
- Ескі үйде «Радио әжеміз» әлі тұра ма!?
- Жоға, ол кісі әлдеқашан бақилық болған...
- Сонда...

- Онда, мен саған «Радио әжеміз» туралы елдегі әңгімені, өзімнің көрген-білгенімді айтып берейін, сен тыңда,- деді де әкем әңгімесін бастады. Әңгімесі үзілмесін деді ме, ауыл шетіндегі бір шетіндегі бір төмпешікке жайғасып отырып алып, сөйлеп кетті.

Мен соғысты көрген жоқпын. Бірақ соғысты көрген адамдардың ұрпағымын.

Біздің ауылда бір кейуана болатын. Ол әжейдің үйі ауыл шетінде еді. Қызы мен күйеу баласы асты-үстіне түсіп бәйек боп, ел қатарлы мәпелеп отырса да, әлгі әжей беймаза бір күй кешіп, жанарынан мұң кетпеуші еді.

Біз орталық көшенің бас жағында тұратынбыз. Көшенің соңына таман ауыл клубы болатын..Ауылдың бәрінің күтетіні - қара тактайшаға бормен бадырайтып тұрып жазылған кино болады деген хабарландыру. Кино болатын күні ауыл мәре-сәре. Әсіресе, біздің радио әжеміз.

Өзі шынашақтай ғана, жасы жетпістен асса да, әлі ширақ. Радио әженің ешуақытта өзгермейтін дағдысы бар. Ол- клубқа барып, кино көру. Әжеміз

бүгілген белін анда-санда жазып алады да, күбірлеген күйі көшені бойлай, клубқа кетіп бара жатады. Бір қызығы мойнына сол кездегі «Транзит» деп аталатын кішкене радиосын іліп алатын да, дауысын барынша шығарып қоятын. Біздер әжеміздің кешкілік клубқа кетіп бара жатқанын, қараңғыда үйіне қайтып бара жатқанын мойнына ілінген кішкене радиосының саңқылдаған дауысынан білер едік.

Кейбіреулер әлгі әжейдің осы әдетін түсіне алмай, «жындыға» санайтын.

Қыстың ала түтек боранды күні еді. Қасқырдай ұлыған желмен арпалысып, радиосының дауысы біресе естілсе, біресе естілмей, әжеміз баяғы әдетімен бүкшендеп кинодан келе жатты. Сол күні үйдегілерден рұқсат сұрап, мен де киноға барғанмын. Ақ түтеппен арпалысып келе жатқан әжені көріп, үйіне дейін шығарып салмақшы едім, бетін әжім басқан қолымен көлегейледі де, маған:

-Әй, жүгермек, мені апарып тастаймын деп, өзің адасып кетерсің, өзім –ақ жетермін, боран деген немене, өмірмен де арпалысып келемін ғой, шыдаймын, рахмет! - деді де, ыңылдап: «Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді, келеді...», - деп желмен бірге домалап, ұзай берді.

Үйге келген соң, анама болған жайды айттым да, әлгі әжейдің: «Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді, келеді...», - дегенінің мәнісін сұрадым.

Анам кешкілік дастарқан басында әжейдің манағы мен түсінбеген сөздерінің сырын ақтарып берді.

« Біз де соғыс жылдарының балаларының бірі едік. Бір кезек сабақ оқып, кейде бала болып ойнасақ та, сұм соғыс бізді ерте есейтті. Ақылын тоқтатпаған ойын баласы да, еңкейген қария да, егде аналар мен майданға ерін аттандырған келіншектер де өздерінің аш-жалаңаштығын ұмытып таңның атысы, күннің батысы жеңіс жолында жұмыс жасады.

Қайран аналар! Олар сонау көгілдір жоннан ауылға құлап түсер қасқа жолдан көз алмайтын. Ауылға айына бір рет келетін пошташыны үмітпен де, күдікпен де күтетін.

Әлі есімде, бір жолы ауылға келген пошташы атының басын тура Хадиша апаның үйіне бұрды. Бәріміз жапа-тармағай пошташымен жарыса, сол үйге қарай жүгірістік. Жастайынан бір ұл, бір қызымен жесір қалған Хадиша апаның 18 жасар ұлы соғыс басталған жылы өзі сұранып, қан майданға аттанып, көптен бері хаты сиреген кез еді.

Пошташыны, анталаған біздерді көргенде, Хадиша апаның буындарынан әл кетіп, тұрған орнында мелшиіп қатты да қалды. Еріндері жыбырлап «Ақсарыбас, ақсарыбас» дей береді.

Пошташы бала: - «Сүйінші, апа, сүйінші!» - деп, ат үстінен домалап түсті.

- Ойпыр-ай, не дейді,- деген Хадиша апамның көзі алақандай.

- Балаңыздан хат келді, екі бірдей хат!

Ел гу-гу дуылдасып кетті. Пошташы үш бұрышты хаттарды оқи алады-ау деген көрші бланың қолына ұстатты. Көрші бала хаттың бүктеуін жазып ішін ашты.

«Құрметті жан анам!» - деп басталыпты хат. Әрі қарай қан майданда жүргенін, бір ұрыста ауыр жараланып, госпитальға түскенін, бірер күннен соң майданға қайта кіретінін жазыпты. Хатының соңын: «Жаудың өшпенділігінде шек жоқ, бірақ түбі біздің жеңетінімізге сенімім мол. Жеңіспен елге оралатын күн де алыс емес, амандықпен қауышайық», - деп аяқтапты.

Бірінші хат бітісімен, ел екінші хатқа жармасты. Хатты ашып, оқуға оқталған көрші бала біресе ішіне, біресе сыртына қайта-қайта үңіліп қарайды. Елдің дегібірі кетті.

- Е, неге шұқшия қалдың?
- Хат апама болғанымен, басқа біреуден.
- Не дейді?
- Енді кімнен?

Көрші бала әбден абдырап, қолы әзер икемге келіп, хатты оқи бастады. «Сіздің қыран ұлыңыз...», - деп оқи бастауы мұң екен Дүние астан-кестен болды да кетті. Азан-қазан, у-шу. Аңыраған ана, басу айтқан ел-жұрт. Бірінші хатты оқып марқайған Хадиша апаның көңілі екінші хатта келген қара қағазбен бірге қара түнекке айналды. Арғы жағынның не болғанын білмейді. Ұлын жоқтаған апаның қайғысы шексіз еді...

Халықты қан жылатқан сұм соғыс та аяқталып, ел Жеңіс тойын тойлады. Елмен бірге ес жиған Хадиша апа да қолында қалған өрімдей Салимасын, заманның қиыншылығына қарамастан, бағып-қақты. Содан тараған ұрпақты өзінің бақыты деп санады. Сөйтіп жүргенде...

Соғыс бітіп, ел ес жия бастаған кез. Ауылда кешегі соғыс өрті шарпымаған үй жоқ еді. Жары, баласы майданнан оралмаған аналар мен әжелердің көз жасын, қайғысын көрдік. «Балам тірі, келеді әлі» деп өмір бойы күтіп жүргендерге куә болдық. Соғыстан бір аяғынан айырылып, қос балдақты қолтығына қысқан, қолы жоқ жеңін костюмінің қалтасына салып шүретін шолақтар жиі кездесетін. Бірақ оларды ешкім мүгедек деп айтпайтын, құрметпен қарайтын.

Уақыттың өзі емші демекші, Хадиша апа да елмен бірге күйкі тіршілік кешіп жатты. Бір күні ауылға кино келіп, көрші- қолаң кешкі шаруаларын бітірген соң, клубқа жиналды. Хадиша апа да келген. Ол кездегі кинолардың алдында әр түрлі тақырыпта бес минуттық хроника көрсетілетін. Сол күнгі бес минуттық хроника соғыс жайлы болды. Кәдімгі Ұлы Отан соғысы, қан майдан, жанкешті шайқас... Бір кезде тып- тыныш отырған Хадиша апаның: «Балам, ботам!» - деген жан дауысы шықты. Ел аң- таң. Хадиша апа экраннан көз алар емес, ебіл-себіл. Кадрдағы солдаттардың

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

арасынан өз баласына ұқсаған бейнені көзі шалып қалған бейбақ ананың халін айтып жеткізу мүмкін емес еді.... Содан бастап ақ қар көк мұзда, жауын-шашында, мейлі дүние күйіп кетсе де, апамыз клубта болатын барлық кинодан қалмайтын болды. Баласын тағы да көріп қаламын ба деген үміті оның өлгенін тірілтіп, өшкенін жандырған еді...», - деп, апам әңгімесін аяқтады.

Сол кештегі анамның әңгімесінен соң, мен радиосымен көшені азан-қазан ғып өтіп бара жататын әжені көңіліммен іздеп , өтпей қалса, алаң болатын едім, - деп, әкем өткенді еске түсіріп, бір күрсініп қойды.

Ауыр әңгіме еңсемді көтертпей, сол көгалды төмпешікте ұзақ отырып қалғанымызды да байқамадық... Менің құлағыма «Радио әжейдің» радиосының дауысы естілгендей.

Ол дауыс сұм соғысқа лағнет жаудырып жатқандай...

Ермекқызы Тоғжан

8-сынып, №2 жалпы білім беретін мектеп

Алматы қ. Жетісу ауданы

Жетекшісі: Райымбекова З.К.

Ұлы Отан Соғысының басталғанына 75 жыл

1941 жылы соғысты кім бастап, оған адамзат тарихында бұрын-соңды болып көрмеген қандай қатер төніп тұрғанын бірден сезді. 1941 жылдың 22 маусымы, таңғы сағат төрт. Бұл күні талай шаңырақты от шарпып, миллиондаған адамның өмірін жалмаған адамзат тарихындағы ең сойқан соғыс басталды. Фашистік Германия Кеңес Одағына басып кірді. Ұлы Отан Соғысы деген атпен тарих дәптерінің парағына қанды әріптермен таңбаланған зұлмат қантөгістің алапатынан қазақстандықтар да шет қалмады. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі үшін 500 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағын алды. 1418 күнге дейін созылған Ұлы Отан соғысы Қазақстан тарихында өте күрделі кезеңдердің бірі. Соғыс - күйретуші күш! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын ажал. Бұл сол кездегі кеңес халқының ер жүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Мен соғысты жек көремін.

Соғыс адамдарға азаптан басқа ештеңе бермейді. Елімізді қорғау үшін адамдар соғысқа аттанды. Бірақ бұл соғыстан тек кейбір адамдар тірі қалып, үйлеріне қайтты. Қайтыс болған адамдардың үйлеріне қара хат жіберілді. Зар жылап отырған аналар үмітін үзбей, оларды күтеді. Баласының өлгенін ешқандай ана мойындамайды. Сөйтіп жүріп, ауырып, бұл дүниеден өтеді. Осындай жағдайды ойласам, көңіл-күйім түсіп, көзімнен жас шығады. Мұндай соғысты кім жақсы көріп, кім қалайды. Мен соғыстың ешқашан болмағанын тілеймін. Біз қазақтар бәріміз біргеміз. Бұл біздің ең басты байлығымыз. Себебі, барлығымыз тату тәтті, достықпен, бірлікпен өмір сүріп жатырмыз. Мұның барлығы ата-бабаларымыздың арқасы деп ойлаймын. Кеңес Одағының батыры Б.Момышұлы, Т.Тоқтаров, М.Мәметова, Ә.Молдағұлова, Т.Бигелдинов, Рейхстагқа Жеңіс туын тіккен Р.Қошқарбаев, Қ.Қайсенов, т.б. жауынгер батырларымыз мәңгітел есінде сақталады.

1943 жылы Невель қаласы үшін ұрыста пулеметші М.Мәметова ерлікпен қаза тапты. Оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. 1944 жылы жойқын шабуылға шыққан Кеңес әскерлері 900 күн жау құрсауында қалып, адамзат тарихы білмеген азапты күндерді бастан өткеріп жатқан Ленинград қаласын азат етті. Ж.Жабаевтың «Ленинградтық өренім» деген

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

жыр жолдары аштық пен жалаңаштықтан қиналған қала тұрғындарының жігерін, рухын көтере білді.

Отан соғысы майдандарында, жау тылындағы партизандар мен Еуропа елдеріндегі қарсыласу қозғалысы қатарында шайқасып, фашизм концлагерьлерінде қаза тапқан өжет, қайсар қандастарымыздың рухына бас иеміз. Көлемі, қаталдығы, адам және материалдық шығыны жағынан екінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихындағы ең жойқын соғыс болды.

Қалай десек те талай боздақты қанға бөктірген қырық бірдің зұлматы елді есеңгіретті. Неміс фашистерінің зұлымдығы бауырлас мемлекеттердің мүддесін бір арнаға тоғыстырып, ортақ мақсатқа жұмылдырды. Бүгінде қатары уақыт өткен сайын сиреп бара жатқан қарт майдангерлер есінде бұл қанды жылдардың мәңгілікке сақталары сөзсіз. Ер етегімен су кешкен, елдің егемендігін сақтап қалды. Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды. Лайым, елі үшін отқа түсер ерлеріміз аман болсын деп тілейік!

Естемесова Аяла

6 сынып оқушысы
№2 жалпы білім беретін мектеп
Алматы қаласы, Жетісу ауданы
Жетекшісі: Умбетова Жанат Кулпыбаевна

Отан үшін от кешкендер

Опасызда Отан жоқ,
Отанда опасызға орын жоқ
Б.Момышұлы

Ұлы Отан соғысы қазақ халқы үшін үлкен сынақ болды. Әйгілі қолбасшы Бауыржан Момышұлы «Соғыс қазақ халқының тарихын күрт өзгерткен, бұрылыс әкелген, миллиондаған отандастарымыздың арасында өшпес із, жазылмас жара қалдырды» деп, өз ойын айтып еді. Ұлы Отан соғысы қазақ халқы өмірінен, тағдырымен тығыз байланысты. Бұл оқиғаны біз жүрегімізден алып тастай алмаймыз. Отан қорғауға ерлер мен әйелдердің құқығы тең болған еді. Сондықтан әйелдерде Отан үшін күресіп, жауға қарсы тұрды. Шығыстың екі батыр қызы Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлова осы соғыстың батыр құрбандары болды. 1418 күнге дейін созылған Ұлы Отан соғысы Қазақстан тарихында өте күрделі кезеңдердің бірі. Соғыстың барлық ауыртпалығын қарапайым солдаттар мен офицерлер көтерді. Олар рейхстокга Жеңіс туын тіккен болатын. Бөлімшенің жауынгерлері мен офицерлері қазақ халқының батырларын зор құрметпен жерледі. Ата-бабамыз майданға жан аямай арпалысты. Олардың біз үшін, біздің болашағымыз үшін, туған тіліміз үшін арман-үмітін ақтауымыз керек. Себебі, болашақ- біздің қолымызда. Менің ойымша, қазақ халқы Ұлы Отан соғысында болған оқиғаларды көре және біле отырып, жайбарақат отыра алмайды. Мұны жадымыздан шығарып, өшіріп тастау біздің қолымыздан келмейді. Өйткені Ұлы Отан соғысы бізге өз туған тілімізді, жерімізді, отбасымызды және қасымызда жүрген туған-туыстар мен достарымызды қадірлеп, бағалай білу керек екенін көрсетті. Бірақ соған қарамастан ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмақ емес. Дәл солай!.... Барды жоқ ететін, тауды жер ететін, тіршілік атауының бәрін жалмап жұтты сұм ажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе кинолар, радио-телехабарлар ата-бабамыздың ерлігін мақтаныш тұта жеткізеді.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі төзімділіктерін мақтан ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Мен соғысты жек көремін. Соғыс адамдарға азаптан басқа ештеңе бермейді. Елімізді қорғау үшін адамдар соғысқа аттанды. Бірақ бұл соғыстан кейбір адамдар тірі

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

калып, үйлеріне оралды. Қайтыс болған адамдардың үйіне қара қағаз жіберіледі. Зар жылап отырған аналар үмітін үзбей, оларды күтеді. Баласының өлгенін ана ешқашан мойындамайды. Сөйтіп жүріп, ауырып, бұл дүниеден өтеді. Осындай жағдайды ойласам, көңіл-күйім түсіп, көзімнен еріксіз жас шығады. Мұндай соғысты кім жақсы көріп, кім қалайды?! Мен соғыстың болмағанын қалаймын. Біз, қазақтар, бәріміз біргеміз. Бұл-біздің ең басты байлығымыз. Себебі, барлығымыз тату-тәтті, достықпен бірлікпен өмір сүріп жатырмыз. Мұның барлығы ата-бабамыздың арқасы деп ойлаймын.

Біз ата-бабамыздың алдында бас иіп, оларды құрметтеуіміз керек. Бұл-адамгершіліктің белгісі. Біз Ұлы Отан соғысының Ұлы жеңісіне ештеңеге теңеспейтін күшпен жеттік. Ол күш-бірлік. Қаншама халық бір тудың астында бірігіп, күштерін бір арнаға бұрды. Ұлы Жеңіс- он бес одақтас болған мемлекеттің ортақ мерейтойы. Әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыштай Б.Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда қалып, өнегесі болашаққа күш-қайрат, рух береді. «Ер есімі ел есінде» демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталарымыз бен апаларымыздың ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт елімізде нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.

Егер біз өз тәуелсіздігімізді алмасақ, өзге елдің қол астында өмір сүріп, жұмыс істеп жүрер едік. Сонда қазақтар біреуге тәуелді болып, еркіндік дегеннің не екенін білмей өтер едік. Қазақ деген халық болмай, өз жерімізде қорлық пен мазақтан басқа еш нәрсе көрмейміз. Қазір, құдайға шүкір, біз-егеменді елміз.

Қаз дауысты Қазбек би өте дұрыс айтады: «Әрбір адамға туып- өскен Отаны қымбат» деп. Менің Отаным - маған өте ыстық. Мен жырақта жүрсем де, көруге асығамын, сағынамын. Мен өз Отанымды өте қатты жақсы көремін! Отанымды көркейтіп, өркендету үшін сабағымды жақсы оқып, көп еңбектеніп, өз үлесімді қосуға бар күшімді саламын. Мен ата-бабамның, ата-анамның, туған-туысымның, дос-жаранымның үмітін ақтағым келеді. Сол үмітті ақтауға тырысамын, ол үшін бар күш - жігерімді жинап, жақсы оқып, уәдемді міндетті түрде орындаймын.

Қайратқызы Алтынай

9-сынып оқушысы

«І.Жансүгіров атындағы №130 гимназия»КММ

Алматы қаласы

Жетекшісі : Жаксымбетова Алма Алимбаевна

...Ел басына күн туса, ер етікпен су кешер

Ежелден ер тілегі-ел тілегі,

Адал ұл ер боп туса-ел тірегі.

Біздің Отанымыздың тарихында ұмытылмайтын 4 жыл бар.Бұл -1941-1945 жылдар.Бұл- фашизммен бетпе-бет келген сұрапыл шайқастар.Осы жылдар Отанын қорғап,жер бетіне бейбітшілік орнату үшін,болашақ ұрпақтың бақыты үшін күрескен батырлар,майданда қаза болған жауынгерлер туралы көп кітаптар жазылды.

Таң алдында тәтті ұйқыда жатқан Отанымыздың шекарасынан ұрланып өткен жау оғымен адам баласының тарихында болмаған бір ғаламат соғыс басталады.Сол күні жау тәтті ұйқыңды ғана бұзған жоқ,зұлым жау бейбіт өмірге бүлік әкелді.Бала әкесімен, ана баласымен қоштасты.Қырда қойшы қойын тастады,қолындағы таяғын винтовкаға айырбастады.Ойда диханшы трактордан түсіп,танкіге отырды.Ол кезде бүкіл ел солдат болды.Сол жылдардың бозбала,бойжеткендері ақын болуды ,инженер болуды,оқымысты болуды армндаған еді...

Соғыс-адам баласы үшін ең үрейлі,ең қорқынышты сөз.Өйткені соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағышталған.Адам адам болғалы осылай.Талай рет үстемдік, байлық үшін адам қаны суша аққан.Соғыстың алғашқы күндері алдын-ала дайындалған жау ұшақтары мен танктері,әскерлері кеңес елінің жеріне өтіп жатты.Фашстерде «кеңес елін тез арада жаулап алу» жоспары болды.Олар 1941 жылдың қарашасында Москваны жаулап алып жеңіс шеруін өткізбекші болды.Бірақ фашистердің өктемдік көрсетуі,жаулап алуы соғыстың алғашқы айларында ғана болды.Фашистердің жоспары іске аспады.Кеңес жауынгерлері әрбір шаршы жер үшін қасық қандары қалғанша шайқасты.Ұлы Отан соғысы тарихының беттерін прақтаған адам жеңіс сағатын соқтыруға Қазақстанның қосқан үлесі телегей-теңіз екенін байқар еді.Осы бір аяқ астынан басталған әділетсіз арпалысқа Қазақстаннан 2 миллионға жуық түрлі ұлт өкілдері әскер қатарына шақырылды.Майдан даласынан 394 мың қазақ жауынгерлері қайтпай қалды.Бұл соғыс қайғы-

қасірет әкелмеген бірден-бір отбасы болмады... Бірінің әкесі,бірінің ағасы қаза тапты.Қаншама жас боздақтардың қыршын жасы қиылды... Ішінде ақын да,әншісі де бар еді.Қауызын ашпай көктей қырқылған сол жастардың ішінде әттең, дариға-ай,қанша Абай,қанша Шоқан кетті екен...

Отанын жаудан қорғау үшін көп ұлтты кеңес халқының ішінде қазақ халқы ерекше ерліктерімен,аңыздарымен жауға қарсы тұрды.

Қазақстан жерінде жасақталған И.В.Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизия Москваны қорғауда тарихта болып көремеген теңдесіз ерліктің үлгісін танытты.Панфиловшылардың ішінде шын мәнінде болаттай беріктік пен ер жүректілік көрсеткен,өз заманында аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы да бар еді.

Өжеттік пен ерлікке бару кездейсоқтық емес.Отаны мен артында қалған елінің алдында жауынгерлік борышты өтеуде болаттай берік тәртіпке бойұсыну еді.Алматыда жасақталған генерал-майор И.Панфилов атындағы сегізінші қазақстандық гвардияшы атқыштар дивизиясы Кеңес Одағының астансы Москваны қорғау күндерінде Ұлы Отан соғысының тарихына мәңгі өшпейтін ерлік беттерін жазды.

Қазақстандық жауынгерлер Рейхстагқа шабуыл жасауға қатысты,оның шаңырағына Жеңіс туын алғашқы болып қазақ халқының даңқты ұлы Рақымжан Қошқарбаев тікті.

Ұлы Отан соғысының шежіресіне Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлованың , Мәлік Ғабдуллиннің ,Бауыржан Момышұлы мен Талғат Бигельдиновтың және көптеген жерлестеріміздің атттары алтын әріптерімен жазылды.

Соғыстың қысылтаяң кезеңінде емшектегі баласын жөргекке орай салып, кәсіпорың, колхоз бен совхоз жұмысына таң сәріден жүгіріп,түн ортасында қайтқан олардың жарлары мен аяулы ата-анасын,туыстарын, «өзім жемесем жемейін, өзім ішпесем ішпейін,бәрі де солар үшін,бәрі де майдан үшін ,жеңіс үшін болсын!» деген игі ниетті асыл сезімін кім есінен шығара алады? Ұлы Отан соғысының қаһарлы жылдарында майданда да,тылда да есі жаңа кіріп келе жатқан жас баладан бастап,жасы жүзге келген Жамбылға дейін отандастарымыз жауға қарсы майданға жаппай қатысты.

От кешіп, қан жұтқан сол бір жылдар барған сайын азая түсуде.Бірақ олар жасаған Ұлы ерлік ешқашан ұмытылмақ емес.Зұлым жаумен шайқаста әке, аталарымыз қанын төгіп,қолымыз жеткен Жеңіс шапағы біздерге жетті. Әлі де келешек үшін,дүниежүзілік жаңа жойқын соғысқа жол бермеу үшін бұл туралы ұмытуға болмайды.

Қапан Маржан

9 сынып оқушысы

№ 151 ЖББ мектеп, Алматы қаласы

Жетекшісі: Атанбаева Сандугаш Кырыкбаевна

Сұрапыл соғыс жылдары

Сол сұрапыл жылдарда елім, жерім деп қасық қаны қалғанша соғысқан қанша азамат ажал құшты, қанша бала әкесінен, қанша ана баласынан, қаншама үй тірегінен айырылды. Жап-жасыл бейбіт даладан сән кетіп, сұрықсыз бір дүниеге айналды.

1941 жылы 22-маусымда таңғы сағат төртте Фашистік Германияның басқыншылық шабуылы басталды. Кеңес Одағының шекарасына от қойып, қаруланған фашистер кіріп келді. Мүлдем дайын емес болған Кеңес Одағы ер азаматтардың жетіспеушілігінен алғашқы жеңілістерге ұшырап жатты. Шабуылдан алғаш болып Брест бекінісі, Ленинград, Сталинград тағы да басқа қалалар соғыс өртіне оранды. Фашистік германияға қарсы шығу үшін республиканың түпкір-түпкірінен әскери комисариаттарға еріктілер ағылды. Қызыл әскер бірте-бірте есін жиып, қорғаныс шебіне көшті. Мәскеу түбіндегі кескілескен ұрыста Ленинград, Сталинград қалалары маңындағы ұрыстарда, біраз шығынға ұшыраған фашистер жоспарларының оңайлықпен іске аспайтындығын аңғарды. Ақыр соңында өздерінің жеңілісімен аяқталды. Бұл соғыс қанша адамға қайғы-қасірет алып келгенін ауызбен айтып жеткізу мүмкін емес еді.

Қазақстан халқы да бұл тұста қарап жатпады. Өздерінің үлесін қосуға жұмыла кірісті. Кеңес Одағы батырларының қатарында қазақтың екі қызы --- мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова ер жігіттермен бірдей қолдарына қару алды. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі --- қазақ жігіті Рақымжан Қошқарбаев болды. Ал танымал қолбасшы, танымал батыр, әрі жазушы Бауыржан Момышұлының ерлік істеріне адам сүйсінеді. Бұл күнде 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар. Соғыс жылдары ерлердің ерлігі еленіп, көптеген жерлестеріміз назардан тыс, марапатсыз қалмады. Бұдан басқа қазақ жауынгерлерінен шыққан 497 адам Ұлы Отан соғысының батыры атағын алды. Соғыстың шарпыған жалынын тоқтату жолында көптеген қандастарымыз жанын қиып, майданда қаза болды. Бүгінгі күнде олардың алып берген жеңісін кейінгі ұрпақ бағалауда. Аспанымыз әрдайым ашық болу үшін бар күштерін сарп еткен азаматтарды ешқашан ұмытпай, мәңгі есте сақтауда! Бейбітшілік үшін күрескен жауынгерлерге мың алғыс және олардың рухының алдында басымызды иеміз.

Жеңіс --- төгілген қан мен ащы тердің, тынымсыз еңбектің арқасында, ұйымшылдықтың арқасында келді. Майданға кеткен мыңдаған ер

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

адамдардың шексіз қиын жұмыстарын --- ұйқысыз, ас-сусыз, еңбек вахтасында әйелдер мен балалар, мүгедектер мен зейнеткерлер алмастырды. Сол уақытта бұларға тәулік бойы жұмыс істеуге тура келді. Сол майданда біздің аруларымыз да талай қиындықтарды бастан кешті. Соғыс жылдарында еліміз 30 миллионға жуық халқынан айырылды.

1946 жылы Қазақстан Компартиясы ОК-нің бірінші хатшысы болып Жұмабай Шаяхметов тағайындалды. Кеңес Одағының басқа да республикалары сияқты Қазақстанда да зардап шеккен аудандарға қолдан келген көмекті аямады. Республикамызда тұтастай азық-түлік керуендері жасақталды. Кеңес үкіметі өз кезегінде Қазақстанның халық шаруашылығы және мәдениетін дамытуға ерекше назар аударды. Дегенмен қатаң әміршіл-әкімшілік жүйе 40-50 жылдары әрекет ете берді. Қуғын-сүргін соғыстан кейінгі кезеңде де жалғасып, жүз мыңдаған отбасы мүшелері бір-бірінен көз жазып қалды. Бұл соғыста Кеңес Одағын мекендеген барлық халық бір жеңнен қол, бір жеңнен бас шығарып Отанын қорғады. Отанымыздың біздің жарқын болашағымыз үшін жасаған ерліктерін мәңгілікке есте сақтап, жадымызда ұстаймыз. Қанша жылдар өтсе де, бұл соғыста ерлікпен қаза тапқан әрбір батырларымыздың есімдерін әрқашан жүрек түкпірінде ұстаймыз.

Содан кейінгі жылдары ата-бабамыздың асқақ арманы тәуелсіздікке қол жеткіздік. Егемендікке де қолымыз оңайлықпен жетпеді. Сонымен 1991 жылдың 16-желтоқсанында Қазақстан тәуелсіз, дербес, жеке, егемен мемлекет болғандығын әлемге паш етті. Бүгінде Қазақстан экономикасы қарқынды дамыған, кең байтақ жері бар, бай мемлекеттер қатарында . Қазақстанда 17 миллионнан астам халық бар. Олардың тең жартысынан астамы басқа ұлт өкілдері. Олар да тең құқылы, бәріміз бір ананың баласындай тату-тәтті өмір сүрудеміз. Ел тәуелсіздігінің тұғыры биік болуына, туымыз көк аспанда мәңгі желбіреуіне бізде өз үлесімізді қосамыз. Ендігі кезекте біздің міндетіміз—жақсы оқып, еліміздің адал ұрпағы болу. Ата-бабаларымыздың ерліктерін ешқашан ұмытпай, жадымызда сақтау. Отанымызға адал қызмет ету. Менің міндетім жақсы оқу, елімнің ары қарай өркендеуіне, көк байрағымның мәңгі желбіреуіне өз үлесімді қосу. Менде елімнің бір кірпіші болғым келеді және кетігін табамын да қаланамын. Мен-- өз елімді сүйемін. Мен-- өз елімнің адал ұрпағымын. Мәңгі жасай бер --- Қазақстаным менің.

Қадырова Әлия

9 сынып оқушысы «Жаңа Ғасыр» №175 гимназия

Туған ұлы күнінде қолбасшының
Зеңбіректер атылсын үні тынбай.
Той жасаймыз тау халқын түгел қырып,
Шырқалатын сан ғасыр ұмытылмай.
Солдаттармыз жол салған тыңнан етіп,
Құлын даусы шыңғырсын шыңға жетіп

1941 жылғы 22 маусым- тарихта мәңгі қалатын қасіретті күн. Жетпіс жыл бұрын Ұлы Отан соғысы басталды. Қырық бірінші жылдың жиырма екінші маусымында таң қылаң бере фашистік Германия Кеңес Одағына тұтқиылдан шабуыл жасады. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер елін жаудан қорғау үшін қолына қару алып, қан майданға аттанды. Солай дүниежүзін дүр сілкіндірген II дүниежүзілік соғыс басталды. 5 жылға созылған қасиетті соғыс миллиондаған адамдардың өмірін қиды. Сәбилер жетім қалды, қариялар балаларынан айырылды. Көптеген шығындар кетті. Қаншама халық жанашырларының сүйектері туған жерінде жерленбеді.

Тән жарасы жазылса да, жан жарасы жазылмайды. Ел үшін көз жұмған азаматтардың орнын ешкім де баса алмайды. Бұл дүниеде ешкім мәңгілік емес. Бүгін бар да, ертең жоқ. Сол үшін де бізді жаудан қорғаған ардагерлеріміздің де саны азайып келеді. Жеңіс туын желбіретуге көмектескен жандарды ұмытпай, оларға асылымыздай қарауымыз керек.

«Ел үмітін ер ақтар, ер атын ел сақтар»- дей келе Ұлы Отан соғысының 70 жылдығына орай, ата-бабаларымыздың рухына тағзым ретінде олардың ерен ерліктерін, жер, Отан, біздің жарқын болашағымыз үшін жасаған ерліктерін мәңгілікке есте сақтап жадымызда ұстаймыз. Қанша жылдар өтсе де, бұл соғыста ерлікпен қаза тапқан әрбір батырларымыздың тарих төрінен орын алатыны және ұрпақтары мәңгі жеңіс алауын сөндірмей, Отан үшін от кешкендерді әрқашан да жүрек түкпірінде ұстаймыз.

Кичикова Дильназ

11 сынып №192 ЖББМ

Алматы қаласы

Жетекшісі Есеркемисова Гульнара Мукишевна

Соғыс...

1941 жылдың 22 маусымы біздің Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Ұланбел ауылында көктемдегі қой қырқыны және қыстың уақытына шөп дайындап жатқан кез. Науқан уақыты. Бала-шаға, жас-кәрі демей қызу жұмыс уақыты еді. Түскі уақытта жай отындай соғыс деген сөз иен даланы шарлап кетті. Сол кезден бастап-ақ үлкендер майданға кете бастады. Жасөспірімдер өз еркімен сұранып, Отан қорғауға аттанды. Барлық ауыртпалық кемпір-шал мен әйел-балалардың еншісіне тиді. Сол ауыртпалыққа қарамай, күні-түні тылдан майданға жеңісті жақындатуға көмек көрсетілді. Иә, сонымен 4 жыл өткенде Жеңіс күні жетті-ау әйтеуір. Осы арада ауылға қаншама қара қағаздар келіп, ана жесір атанып, бала жетім атанып, ата-аналар боздағынан айырылды. Сол соғыстан елге оралған ер жігіттер мүгедек, кемтарлығына қарамай қаңырап қалған ел экономикасына үлес қосып, аянбай еңбек етті. Сол боздақтардан күні-кеше тойланған жеңістің 71 жылдық тойына ешқайсысы жете алмады. Бірақ «Ер есімі – ел есінде» дегендей, ауылда сол боздақтарға мәрмәр тастан ескерткіш қойылып, әрқайсысының есімдері алтын әріппен ойып жазылды. Әр жыл сайын жеңіс күнінде сол жерге гүл шоқтары қойылып, әртүрлі шаралар, әскери ойындар, сұрапыл соғыс туралы әндер шырқалады.

Қаншама батырлар қанын төкті қас-қағында,
Қаншама қиындықтар өтті бастарынан.
Еліміз сол жағдайға қарамастан
Тартып алды фашистерден жер мен көкті.

Сол кездегі Кеңестер Одағының, халқының ержүректілігі, олардың елге, жерге, Отанға деген сүйіспеншілігінің арқасы. Ұлы Отан соғысының 71 жылдық тойын Тәуелсіз Мемлекеттер және де жер шарының бейбітшілік сүйгіш халықтары тойлады.

Ұлы жеңіске 71 жыл толды бүгін,
Өрең жеттік жеңіске күн менен түн.
Мәншүк, Әлия, Бауыржандай қазақтың ұл-қыздары
Мәңгілік жадымызда сақталады.

Осы ата-апаларымыз жан кешіп, қан төгіп, жер жүзін фашизм деген лағнет-тен құтқарып қалды. Бауыржан Момышұлы Қазақстанда құрылған атақты Панфиловшылар дивизиясының құрамында неміс басқыншыларын

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Кеңестер Одағының астанасы Мәскеу қаласына жақындап қалған шағында, кескілес-кен ұрыста, фашистерге тойтарыс беріп, сол ұрыстағы көрсеткен көзсіз ерлігі үшін «Кеңестер Одағының батыры» деген атаққа ие болды. Жеңіс бізге оңай келген жоқ. Қаншама ата-апаларымыздың қаны мен тері бар, қаншамасы осы жеңіске жете алмай армандап кетті. Қаншамасына жалған жала жабылып, қыршынынан қиылды. Міне, сол ата-бабаларымыздың арқасында осы жеңіс-ке жетіп отырмыз. Сол жеңіске жетер жолда Ляззат Асанова, Қайрат Рысқұлов сияқты жас жалынды жастарымыз өмірмен қош айтысты. Олар жалған айып-тың жолында құрбан болды. Бірақ сол кезде келешек ұрпақтың болашағын ойлап, қарапайым қазақтың жанкешті тағдырын ойлап, жалған көз бояушы-лыққа қарсы тұрды. Жалған айыптаулар тағылып, соның құрбанына айналды. Міне, сол ата-бабаларымыздың арқасында осындай тәуелсіз бейбіт өмір сүру-деміз. Міне, осындай тар жол тайғақ кешуден өттік. Қаншама қиындықты ба-сымыздан өткіздік. Ата-бабаларымыздың арман-мақсатына бүгінде қол жет-кіздік. Бізге сол кезде үміт артқан еді, сол үмітін ақтадық. Нұрсұлтан Назарбаев ел басшымыздың арқасында 50 елдің қатарына кірдік. Семей по-лигонын жаптық. ТМД-ның құрамына, Бүкіл Дүниежүзілік Сауда Ұйымына, Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болдық.

Көк аспанда күлімдеген күн ыстық,
Отаным бар жер бетінде тым ыстық.
Ең бірінші байлығымыз азаттық
Ең бірінші мұратымыз тыныштық!

Қазақстан өркендей берсін! Мәңгі жасасын! Мен осындай еліммен, жерім-мен, Ел басымен мақтанамын. Барлық әлемге жар салып, қазақ елін барлық елге танытамын деп ойлаймын. «Жарқын іспен күллі әлемді таң қылып, жасай берсін елдігіміз мәңгілік» деген Ел басымыздың қорытынды сөзімен туынды шығармамды аяқтағым келеді.

Құрмамбаев Санжар

9-сынып, Ы.Алтынсарин атындағы
№159 гимназия, Алматы қаласы
Жетекшісі: Хамиева Тамара Хабиболлақыз

Отан үшін от кешкендер

...Жасқанып өскен, жаумен жағаласа алмайды... Жастарды біз ержүрек етіп тәрбиелеуге міндеттіміз» -деген Бауыржан Момышұлының өсиетті сөзін оқып, терең ойға көмілдім... Қазақтың мақтанышына айналған хас батыр ғана осылай қасқайып тұрып айта алады. Бұл жай тілек емес, бұл – аманат , бұл – тағлым.

Ерлік жасау үшін ержүрек қана болмай, елін, жерін сүйетін үлкен жүректі азамат болу керек. Батыр туған жерінің қасиетті топырағынан, суының тұнығынан, елінің парасаттылығынан жаралады екен. Сол бір зұлмат соғыс – Ұлы Отан соғысында аталарымыз Жеңіске жетті. Ұлы Жеңіске оларды жетелеген – жасқанбайтын өр мінездері, жауына бітіспес өшпенділігі. Ұлы Отанын қорғаған Кеңестер Одағының әр азаматы Жеңіс күнін жақындатып, қасық қаны қалғанша күресті. Сұрапыл соғыстағы Жеңіске биыл 70 жыл толады. Содан бері 70 рет жиде гүлдеп, 70 рет қайың бүр жарды... Арысынан айрылған аналар, боздағынан айрылған сұлулар, әкесінен айырылған балалар сан мыңдаған рет терең күрсініп үнсіз көз жасын төкті...Иә, 70 жыл аз уақыт емес... 70 жылда үш ұрпақ дүниеге келіп, өсіп-өнді. Бірақ соғыс салған жүректегі іздер әлі жазылған жоқ. Жазылмақ емес, өйткені адамзат тарихындағы бейбіт жатқан елге жасалған жауыздық, көзден аққан қанды жас, дүниеге келмей жатып жетім атанған баланың көз жасы ешқашан ұмытылмайды. Иә, «Ерлік ел жадында сақталады» дегендей, ұрпақтан-ұрпаққа олардың ерліктері жайлы естеліктер жазылып, тарихи бағалары берілді, әлі де берілері хақ. Өмір мен өлім арпалысқан сәтте елін қорғап қалған әр азамат – Батыр атағына лайық.

1939 жылы әскер қатарына алынып, сол жақтан Ұлы Отан соғысына аттанған, Белоруссиядан бастап Германияға дейін соғыс майданында болып, соғыстың талай арпалысты сәттерін көрген, сол жылдары Украинадағы ірі партизан қозғалысын басқарған белгілі командир Ковпактың партизандық отрядында болған, сан рет жараланып, еліне, Отанына деген батырлық әрекеттері үшін бірнеше рет ордендермен наградталған, тіпті соғыс аяқталғанда да еліне қайта алмай, 1945-1948 жылдары Украинада Бандера отрядымен күресіп, алғырлығы мен қайсар да табанды мінезінің арқасында Украинада колхоз бастығы болып , бейбіт елге қастандық жасаушылармен аяусыз күрескен ,соғыстан қираған шаруашылықты қалпына келтіруге үлкен үлесін қосқан атамды қалай Батыр демессің! Қазақ жерінен жырақта жүріп әрі соғыс аяқталған соң , еліне қайтпай осындай істі атқарудың өзі де –үлкен

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

ерлік! Ал мұндай ерлікті тек Отанына адал, еш қиындықтан қорықпайтын отаншыл, ұлтжанды азаматтар ғана жасай алады. Бұл сұрапыл соғыста қаншама нәзік жанды апаларымыз майдан даласында жаралы жауынгерлерді арқасына көтеріп, жарасын таңып, өмірлерін өлімнен арашалап алып қалды! Қаншама батыр қыздарымыз қолына қару алып қас жауымен ерлермен қатар күресті. Жаудан жасқанбастан, нәзік қолдарымен ауыр зеңбіректерді, пулеметтерді көтеріп жүріп күресудің өзі үлкен ерлік қой! Ал қаншама буыны қатпаған бала, арысын күткен аналар тылда бар ауыртпалықты мойындарына алып, еңбектің ерлігін көрсетті. «Бәрі де майдан үшін» деп ұрандатып, ерлердің жоқтығын білдірмей, егін егіп, масақ терді, станокта тұрып, оқ жасады... Міне, осындай Ерлік көрсеткен апа – аталарынан тәрбие алған, Батылдық пен Батырлықтың үлгісін көрген жаңа заман ұрпағы - тәуелсіз елдің бейбіт ойлы ұрпағы ешқашан қолына қару алып, өзге елге қоқан-лоқы жасамайды, ешқашан біреудің көз жасын төкпейді!

Әр заманның өзінің ерлері, батырлары болатыны рас. Соғыс тауқыметін көрген аталарымыз, әкелеріміз бізді шыдамды, мықты етіп өсірді. Жаңа заманның ұрпағы елінің нағыз барыс тұлғалы елге-дамыған елдермен терезесі тең елге айналуын қалайды. Елбасы бастап, таңдалалған жол-Нұрлы жолда ата ұрпағы-біздер алғырлықтың, өжеттіліктің үлгісін көрсетуіміз керек! Бауыржан ата айтқандай, жасқанбай, жаңа заман биіктерін бағындыруымыз керек! Бізге, жастарға сеніңіздер!

Курмашева Зейнеп

Алматы қаласы,
152 мектеп – гимназия
5 сынып оқушысы
Пән мұғалімі – Сапиева Ақтоты

Ұлы жеңіске -71 жыл

1941 жылы 22 маусымда тып-тыныш жатқан бейбіт елге тұтқиылдан фашистік Германия шабуыл жасады. Бұл елімізге төнген үлкен қауіп, әрі сын еді. Отанымызды қорғауға бұғанасы қатпаған жап-жас қыздар мен жігіттер де, еңкейген кәрі де аттанады. Ал, тылда қалған әйелдер мен әжелер, жас балалар тыным таппай еңбек етіп, бүкіл ауыртпалықты көтерді. Жас келіншектер мен қыздар қолдары қалт еткенде қалың киімдер тігіп, жылы кеудеше, қолғап, шұлық тоқып майданға, жауынгерлерге жіберіп көмек жасаған екен.

Халықтың қабырғасын қаусатқан осы қаһарлы соғыс 4 жылға созылды. Қаншама адамдар осы сұм соғыста қаза тапты. Балалар әкелерінен, аналар балаларынан, қарындас ағасынан, жас әйелдер асыл жарларынан айырылды. Осындай қиын қыстау күндерде еліне деген сүйіспеншілік талай қазақ азаматын танымал батыр етті. Солардың кейбіреулерін мақтаныш сезімімен атап өтетін болсам, олар – шығыстың қос шынары- Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова, Талғат Бигелдинов, Рақымжан Қошқарбаев, Төлеген Тоқтаров, Бауыржан Момышұлы сынды батырларымыз. Міне осындай талай батыр аға-әпкелеріміз аянбай елі үшін күресті. Рейхстагқа ту тіккен қазақ халқының ержүрек батыр баласы- Рақымжан Қошқарбаев еді. Олардың елі үшін жанын қиған ерлігі бүкіл КСРО халқын тамсандырды. Олар Отанын қорғау жолында жасаған ерлігі үшін «Кеңес Одағының Батыры» деген үлкен атаққа ие болды. Олардың ерлігі бұндай марапатқа әбден лайық еді. Міне, мен осындай батыр халықтың ұрпағы болғаным үшін мақтанамын!

Халқымыздың Ұлы Жеңісі 9 мамыр мерекесі де келіп қалды. Жеңіс күні – бұл жай ғана мереке емес, халықтың батырлығы, еліміздің татулық, бірлігінің арқасында қол жеткізген үлкен жетістігі. Осы ұлы мерекеде кеудесіне жарқырата таққан ордені мен медалі бар батыр қазақ ардагерлерін көргенде қызыға қараймын. Иә, бұлар халқын қорғау үшін жанын аямай соғысқан қариялар, қазақ ардагерлері. Бүгінгі таңда ол кісілердің қатары да азайып барады. Біз, кейінгі ұрпақ, соғыс ардагерлеріне құрметпен тағзым етіп, бас иеміз.

Аллаға шүкір, бүгінгі таңда Ұлы Жеңіске 71 жыл толу мерекесін тойлағалы отырған, мерейіміз тасып, ашық аспан астында, ел-жұрты тыныш, көк байрағы көгінде желбіреген бейбіт елде өмір сүріп

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

жатырмыз.Еліне бейбіт өмірдің сара жолын көрсеткен көшбасшысы бар – тәуелсіз мемлекетпіз. Тәуелсіз еліміз өркендеп, өсе берсін! Отанымыздың көк аспанында бейбітшіліктің, тәуелсіздіктің, азаттықтың көк туы желбірей берсін! Ана баласынан, бала әкесінен айрылмасын!

Муратова Меруерт

10 сыныбы № 126 мамандандырылған лицей

Алматы қаласы

Жетекшісі: С.С.Батырбекова

Соғыс – күйретуші күш!

Өмірі - ұрпаққа өнеге.
Соғыстың аты соғыс қой,
Жалмады талай арысты.
Мылтықтың оғы босқа ұшпай,
Өлім мен өмір алысты.

Ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Иә, содан бері 71 жылдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

- деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Қариялар азайып бара жатқанын, әсіресе, олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағып, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні.

Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да, бұл - Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш - әрине, "бірлік". Қаншама халық бір тудың астына

бірігіп күштерін бір арнаға салды.Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған - мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

«Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам – опасыз, оңбаған адам», - деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, Отан үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, өз ұрпақтарының, өз халқының намысын қорғағаны өз халқын шын сүйетіндігінен болса керек. Сондай қиыншылық жағдайда дұшпанның қаптаған қарақұрым күшіне төтеп беріп, олармен табан тіресе шайқасқан аталарымыздың ерлігі біздің көкірегімізге мақтаныш сезімін ұялатады.

«Ерсіз ел болмайды, елсіз ер болмайды», - дейді батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы. Ұлы Отан соғысында ел күйреп, талай адам ажал құшты. Сол соғыста өзінің қайсар ерлігімен, қайратты мінезімен жауынгерлерге жігер берген бабаларға мың алғыс. Осы ержүрек бабалар қатарында Бауыржанның еңбегі ерекше. «Отан үшін отқа түс, күймейсің», - деп ұран тастаған батыр атамыз, келер ұрпақтың болашағы үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, жеңіс туын тікті. Бауыржан ата бір естелігінде: «Мен – өзге ұлттарды құрметтеуші, өз ұлтын сүюші адаммын», - дейді. Батырдың әр қазақтың жүрегінде сақталуының себебі де, ұлтын сүйгендігінен шығар.

Бауыржан Момышұлының тұлғасы маған қашанда мұзарт шыңның басында, мұнартып қалықтаған ақиық, мұзбалақ қыран болып елестейді. Ержүрек батырдың кітаптарың оқып отырып, терең ойға қалам. Отанға деген сүйіспеншілігінен, халқыңа деген махаббатынан, ұлттық биік рухынан қуат аламын.

Бауыржан атаның қаламынан шыққан «Москва үшін шайқас», «Қанмен жазылған кітап», «Ұшқан ұя», т. б. шығармаларыңызды оқып шықтым. Оның шебер суреткерлігіңе, адам психологиясын танып - білудегі сезімталдығыңа таң қаламын. Шығармаларыңызда әр кейіпкер өзгеше бір әлем... Әр сөйлемде тұнып тұрған сыр жатыр. Бұларды оқып қана қоймай, жаттап, үлгі өнеге алуымыз керек.

Оның бізге қалдырған мәңгілік өшпес, ғасырдан ғасырға жетер мұралары үшін ұрпақтары мәңгі қарыздар. Бақытты болашақ, Тәуелсіз ел - аңсаған арманы еді. Бүгін сіздің арманыңыз – ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт - сананың мызғымас тірегі, күші, алтын діңгегі – халықтың бақ жұлдызы жарқырап жанған күн.

Сіздің тағлымыңызды зер сала оқып - үйрену бүгін де, ертең де келешек ұрпақ үлесінде. Ұлт болашағының негізін жасайтын жастар санасы өркениет деңгейіне сай болуы шарт. Осыны ойлаған кезде сіздің: «Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім, енді қорқынышым көбейіп жүр. Балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқам. Екінші, немересіне ертегі айтып беретін әжелерінің азаюынан қорқам. Үшінші, дәмді, дәстүрді сыйламайтын балалар өсіп келеді. Оның қолына қылыш берсең, кімді де болса шауып тастауға

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

даяр. Қолына кітап алмайды. Үйреніп жатқан бала жоқ, үйретіп жатқан әже, әке жоқ», – деген өсиетіңіз ойға оралады.

Бұл – үлкен алаңдаушылық. Өзін халықтан бөліп қарай алмайтын тұлғаның алаңы. Бұл үн бүгінгі дәуірмен де үндесіп жатыр. Жеңіс күні соғыстан оралмай қалған ерлеріміздің рухына бас иіп, арамызда жүрген соғыс ардагерлеріне құрметпен қарап, олардың қайсарлықтары мен ерліктеріне тағзым ететін күн емес пе?! Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ұлы Жеңіс – Қазақстан тарихының жарқын беттерінің бірі. Бұл – қан майданда от кешкен соғыс ардагерлері мен сол жылдарда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін»деп, құлақтары жастыққа тимеген тыл ардагерлерінің мейрамы» деп атап өткен болатын. Табан ет, маңдай термен келген осы Ұлы Жеңіске қаруымен де, қаламымен де үлес қосқан, аты аңызға айналған қаһарман жазушыларымыздың бірі де, бірегейі - Бауыржан Момышұлының қаһармандық рухы ұрпақтан - ұрпаққа өнеге болады деп санаймын.

Мұқаметжанова Әнел

9-сынып, №175 «Жаңа Ғасыр» гимназиясы,

Алматы қаласы

Жетекшісі: Құлмаханбетова Әсемгүл Сейітханқызы

Ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмайды

Шейіттерді қастерле! Нанға сатпа арынды!
Қасиетті құрбандар жанын қиды ар үшін,
Қойсам деймін ескерткіш, бұл солдаттық парызым!
Александр Бек

Соғыс... Қазақ жеріне түрлі қасіретімен келген апат Кеңестер Одағының құрамында болған 1941 – 1945 жылдары өз ізін, қасіретін ойсыратып салып кеткен еді. Бұл жолғы соғыс тек қазақ жұртын емес, бейбітшілікті, тыныштықты жақтаған КСРО-ның құрамында болған 15 республиканың орны толмас қайғысы еді. 1939 жылы 23 тамызда Шабуыл жасаспау туралы Совет Одағымен жасаған келісімді бұзып, фашистік Германия 1941 жылы 22 маусымда соғыс жарияламастан КСРО аумағына басып кірді. Ұлы Отан соғысы осылай басталды. Бұл соғыстың сипаты — Германия тарапынан бұл соғыс агрессиялық, жаулап алушы, әділетсіз соғыс болды, ал Совет Одағы тарапынан әділетті өз жерін қорғаған, азаттық Отан соғысы болды. Елдің жауынгерлік сапын кеміткен, әр шаңырақтың бас иесін мерзімінен бұрын ажал құштырған соғыс аталған жылдың 22 маусымы - барлық кеңес елдерінің тарихындағы ең қайғылы датаның бірі. «Барлық елдердің пролетарлары бірігіңдер!» деген кеңестік идеялогиямен тәрбиеленіп келе жатқан Кеңес адамдарының патриоттық сезімі, әрине, бұл жоспарға қарсы тұра білді. Қазақстан халқы Отан қорғаушылар қатарына өз еркімен жаппай жазыла бастады. Мысалы, Алматы медицина институтының студенті Мәншүк Мәметова: «Отбасымыздан майданға жіберетін ешкім жоқ, ағам да, апам да жоқ, сондықтан өзімді жіберуді өтінемін», — деп әскери комитетке өтініш берді. Республикада 2 млн. — нан астам адам әскери даярлықтан өтті. Соғыстың алғашқы кезеңінде 14 атқыштар және атты әскер дивизиясы, 6 бригада құрылып, майданға жіберілді. Қазақстандық 36 — жеке атқыштар бригадасы 30 — дан астам ұлттан құрылды. Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қырғызстаннан шақырылған жігіттерден 316 — атқыштар дивизиясы құрылып, оның командирі генерал М. В. Панфилов болды. Армия қатарына 1 млн. 196164 қазақстандық қосылып, әрбір бесінші адам майданға аттанды.

Ел басына күн туған заманда соғыстың тек майдан даласында ғана емес, тылда да жүргені мәлім. Гитлершіл фашистер КСРО-ның батыс

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

аудандарын басып алғаннан кейін, Сібір мен Қазақстанның ел экономикасындағы маңызы күрт артқан. Жаудың қолына бермеу үшін соғыстың алғашқы айларында өнеркәсіптік кәсіпорындардың барлығы тылға көшіріле бастады. Қысқа мерзімнің ішінде Қазақстанның аумағына 142 кәсіпорын жайғастырылды, 532 506 адам көшірілді. Оған қоса, жаңа өнеркәсіптік нысандардың құрылыстары жеделдетілді. Соғыстың алғашқы 1,5 жылында Қазақстанда 25 кен орны пен шахта, 11 кен байыту фабрикалары, 19 жаңа көмір шахтасы, 3 разрез, 4 жаңа мұнай кеніші мен Гурьевтегі мұнай өңдеу зауыты іске қосылды. Темір жол құрылысы жалғасты. 1942-1943 жылдары Мақат-Орск, Ақмола - Магнитогорск желілерінің құрылысы аяқталды. Соғыс жылдары Қазақстан жалпыодақтың мыс кұймасының 30 пайызын, марганец кенінің 60 пайызын, мыс кенінің 50 пайызын, металл висмуттың 65 пайызын, полиметалл кендерінің 70 пайызын, мырыш өнімінің 85 пайызын берді. Қорғаныс өнеркәсібіне қажетті мыстың үштен бірі Қазақстанда өндірілді, сондықтан да соғыс жылдары әрбір 10 оқтың тоғызы Қазақстанда кұйылды. Жеңіске Қазақстанның ауыл шаруашылығы да өз үлесін қосты. Атап айтқанда, еліміз 30,8 миллион пұт астық, 14,4 миллион пұт картоп және көкөніс, 15,8 миллион пұт ет, 3 194 мың центнер сүт, 17,6 мың центнер жүн берді. Бұл соғысқа дейінгі бес жылдағы көрсеткіштен бірнеше есе көп. Республиканың барлық экономикасы әскери «рельске» қойылды: бейбіт мақсаттағы шығыстар барынша қысқартылды, көптеген кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығаруға кірісті. Ер азаматтардың бәрі армия қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жасөспірімдер еңбек етті. Еңбек тәртібі қатайтылды, жұмыс уақыты ұзартылды. Алты апталық, 23 сағаттық жұмыс күні бекітілді, демалыстар тоқтатылды. Бірақ ешкім қынжылған жоқ. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті.

КСРО-ның батыс өңірлерінен көшірілген халықпен қоса, 1941 жылдың күзінде Қазақстанға Полвольжеден жүздеген мың немістер мен поляктар жер аударылды. 1942-1944 жылдары 507 мың балқар, қарашай, ингуш, шешен халқы, 110 мың түрік-месхетиндер, 180 мың қырым татарлары күшпен жер аударылды. Оған қоса, күн сайын Қазақстанға жаралы жауынгерлер мен офицерлер тиелген пойыздар ағылып жатты. Әскери госпитальдердің көбісі Алматыда құрылды. Яғни, қазақ халқы өзінің дарқан жүрегімен қиын-қыстау кезеңде қол ұшын беруге әзір екендіктерін көрсете білді. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, бейбітшілікті тілеген жақсы ниетті Кеңес халқы төрт жылдық соғыста жеңіске жетті. Айтуға жеңіл бұл сөзде қаншама қандастарымыздың ерлігі жатыр десеңші!

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Таратып айтсақ, 1945 жылы 2 мамырда Берлин қаласы алынды. Ал 1945 жылғы 8 мамырда фашистік Германияның тізе бүккендігі туралы шартқа қол қойылды. 1945 жылғы 9 мамырда Қызыл Армия жеңіске жетіп, Ұлы Отан соғыс аяқталды.

Аспанымызда бейбітшіліктің әсем белгісіндей, ақ көгершін қалықтады. Ақындарымыздың жүрегінен Жеңіс жыры туындап, сазгерлеріміз Жеңіс әнін ұрандай дуылдатты. Соның айғағы, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан «Ақ көгершін», «Жеңіс», «Болмасын соғыс, болмасын» т.б. әндері десек артық болмас. Жауынгер жазушы Бауыржан Момышұлы қолына қалам алып:

Найзадан қол босаса қалам алдым,
Толғанып оқиғаны көп ойландым.
Тырмысып әл келгенше көргенімді,
Жалтақтамай, именбей ашық жаздым.
Отырсам көп ойланып күнім жақын,
Әр адам біле бермейді сөздің парқын.
Ұрпаққа арнап істелген адал еңбек,
Ақ ниетпен ұсындым саған, халқым,

- деп, ерлік істерін паш еткен еңбектерін соғыс суретіндей оқып-білудеміз. Демек, ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмақ емес.

Иә, лайым соғысты тек кітаптан оқиық дегім келеді. Аспанымызды бұлт шалмасын, елімізде соғыс өрті тұтанбасын! Айтатын әніміз бейбітшіліктің, татулықтың, ынтымақтың әні болсын!!!

Мырзағалиева Жәния

Алматы қаласы
№ 148 мектеп-гимназияның
6 сынып оқушысы
Жетекшісі: А.А.Салықбаева

Туады ерлер ел үшін

Елін сүйген жауынгер ер болады.
Б. Момышұлы

Басымызды көтеріп, есімізді жиып, өзге елдермен тереземізді тең еткен Тәуелсіздігімізді алу үшін, батырларымыз елі үшін, туған жері үшін жан киды. Бір сөзбен, үлкен ерлік жасады. Туған елі мен туған жері үшін ат үстінде бел шешпей, көз ілмей, ірі шайқастарды басынан өткерген батыр аталарымыз қазақты бір тудың астына біріктіріп, қалың қолдан қаймықпаған.

Кеңестер Одағының құрамдас бөлігі ретінде Ұлы Отан соғысында да жаумен шайқаста қазақстандықтар үлкен ерлік көрсетіп, жеңіс күнін жақындатуға өз үлестерін қосты. Ұлы Отан соғысы Германия тарапынан агрессиялық, жаулап алушы, әділетсіз соғыс болды, ал Кеңес Одағы тарапынан әділетті, өз жерін қорғаған, азаттық Отан соғысы болды.

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап, қазақстандықтар барлық майданда шайқасты. Олар Отан үшін фашистерге қарсы бағытталған ұрысқа аянбай кірісті. Майдандағы ерлігі үшін 520 қазақстандықтың, оның ішінде 100-ден астам қазақтың Кеңес Одағының Батыры атағын алуы – ортақ Отанын қорғауда қазақ ұлтының суырылып алға шыққанын көрсетеді.

Батыр атағы мирасқорлық жолымен берілмейді, оған әрбір адам жеке басының ерлігімен ие болады. Батырларды қазақ халқы ежелден құрмет тұтқан. Көшпелі халықтардың бүкіл өмірі соғыста өтетін, соғыс ісі атадан балаға жалғасқан негізгі кәсібі болған. Ел үшін жанын қиған Батырлардың есімі ел ұранына айналып, ерлігі ұрпаққа өнеге болды.

Сан ғасырлық тарихымызда мақтан тұтар, бүгінгіміз бен келешегіміз үшін ғибрат алар оқиғалар мен ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған, ұлтының тұтастығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен қазақ батырлары, Отан алдындағы адал қызметінен үлгі алар ұлы тұлғалар аз болмаған. Сонау ғасырлар қойнауының қатпар-қатпар белесінен байқасақ, ежелден-ақ ру-тайпаларымыздың өз жерін еш жауға бастырмай, шыбын жанын шүберекке түйіп, қасық қаны қалғанша күрескен жауынгерлік істері бізге аманат болып жеткен. Міне, осы батырлардың ұрпағы еліне қиын-қыстау күн туғанда, ойланбастан қолына қару алып, Отаны, елі, жері үшін майданға аттанды.

Халқымыздың бойындағы отансүйгіштік құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған заңдылық тұрғысынан да қарауға болады. Бұған

дәлел көне түркі заманынан бастау алған патриоттық құндылық Күлтегін жазбаларында былай деп суреттеледі: *“Елтеріс қағанның алғырлығы, еліне деген сүйіспеншілігі Күлтегіннің қанына ана сүтімен сіңді”* – деген көне жазу қазақ халқының бойындағы ұлттық патриотизм сезімдері бүгін ғана пайда болған жоқ, ол ежелден-ақ туындап, дамып келе жатқан қасиет деуге болатындығын көрсетеді.

Өмірде ешкім батыр болып тумайды. Басында бұлағы бар өзеннің ұзақ ағатыны секілді, өнегелі ата-ананың тәліміне сусындап, адалдық, еңбексүйгіштік, бауырмалдық рухта ер жеткен баланың туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілігі шексіз болады. Ерлік Отанды сүюден бастау алады, ал Отанды сүю отбасынан басталады. Өз отбасын сыйлап, құрметтеген адам ғана халқының қадіріне жетеді, туған жерін кие тұтады. Сын сағаттан сүрінбей өтеді. Елі сүйген ер атанады, өйткені ерлік білекте емес, ерлік - жүректе. Елін, жерін сүйген ерлер батыл жүрегімен, намысшылдығымен жауға тойтарыс береді. Ақтық дәмі қалғанша, шыбын жаны шыққанша елі үшін күреске түседі.

Туады ерлер ел үшін
Өлмейді ісі мәңгілік,
Өшпейді абзал есімдер.

Ұрпаққа жетіп мәңгілік — деп ақиық ақын Жұбан Молдағалиев жырлаған. «Ерлік - елге мұра, ұрпаққа - үлгі» дегендей, бабаларымыздың әрбір жүріп өткен жолы - біз үшін үлгі, шежіре. «Ел ерімен еңселі», «Елім» деп еңіреп туған ерлердің есімі еш уақытта елеусіз қалмайтыны ақиқат. Халық мұндай қаһарман ұлдарын жыр аңызға айналдырып, өшпес ерлігін ауыздарынан тастамай, жан жүрегінде сақтайды.

Қай кезде де ер азаматтың өз Отаны алдында парызы болды. Азаматтың қасиетті борышының бірі – Отан алдындағы парызын өтеу. Кез келген адам бейбіт заманда да Отанын қорғай алады. Ол дегеніңіз қолға қару алу емес, өз Отаныңның білімді, өркениетті, салауатты перзенті бола алу. «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деген екен батыр Бауыржан Момышұлы. Бұлай деп текке айтпаған. Өйткені Отан үшін еткен еңбегің ешқашан ұмытылмайды. Біздің ата-бабаларымыз түрлі қанқұйлы соғысты басынан өткерді. Олардың соғысқа қатысқандағы мақсаты – ұрпақтарының, яғни, біздердің жақсы өмір сүруімізді, бейбітшілікте өмір сүруімізді қалады. Осылайша, аттың жалында, түйенің қомында жүріп, біздерге бейбіт өмір сыйлады.

Халқымызда «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болады» деген аталы сөз бар. Жастар өз Отанының нағыз патриоты бола алу үшін үлкендер де өз соңынан ерген ұрпақтарын дұрыс тәрбиелеуі керек. Жас ұрпақ «Отаным маған не береді деп емес, Отаным, мен саған не бере аламын?» деп

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

өсу керек. Сонда елімізде әрқашан да бейбітшілік болады. Себебі, ертеңгі елдің тізгінін ұстар азаматтар білімді болса, олар барлық қиыншылықтарды ақылмен, парасаттылықпен шешеді.

Қазақ халқы өзінің ата-баба тарихына сүйіспеншілікпен қарайды, өйткені, біздің ата-бабаларымыз бір сәт құлдыққа бас ұрып, өзінің отар ел болған болмысына ризашылық білдіріп, отырып қалған емес. Олар арының тазалығын ту қылып, азаттық жолында жан аямаған. Ата-баба салты – тарихымыздың үлесі, халқымыздың баға жетпес мұрасы. Қазақ халқы ежелден Отанын сүйген, ұлтын қасиет тұтқан ел. Батырларымыз бастаған қазақ халқы Отанын, жерін, ұлтын жаудан қорғаған. Біз – аманатты арқалаған баһадүр бабалардың ұрпағымыз! Бабалар салып берген сара жолдың иесіміз. Толарсақтан саз кешіп, ат ауыздықпен су ішкен заманда, қолына найза алып, ереулі атқа қонған батыр да қайсар қазақтың жалынды ұрпақтарымыз! Олай болса, бабалар рухына бас ие отырып, егемендікті сақтау, тәуелсіздігіміздің тұғырын тереңнен бекіту – біздің қасиетті борышымыз!

Мырзан Томирис

№175 «Жаңа Ғасыр» гимназияның
9 сынып оқушысы Алматы қаласы
Жетекшісі: Койгельдинова Жазира Нурбековна

Ұлы Отан соғысы

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын ажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді.

Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

- деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр.

Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман орталған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ашшы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш - әрине, "бірлік". Қаншама халық бір тудың астына бірігіпкүштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

Москва, сенің іргеңді
Ел, ер болып сақтаймыз
Сенен аяр жан да жоқ,
Барлығы да сен үшін,
Саған қауіп төнгенде
Жау таянып келгенде,
Қамсыз тыныш жатпаймыз
Алпыс ұлттың адамы,
Қол ұстасып үн қосып,
Қорғауға сені дайынбыз,

- деп жазған Нұрпейіс Байғанидің өлеңінен халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалады.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті.

Қазақ елі басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді.

Биылғы жыл Кеңес Одағының батыры атағын кеш алған Бауыржан Момышұлы атамyzдың жүз жылдық мерейтойы мен жеңістің алпыс бес жыдығымен қатар келіп тұр. Торқалы тойдың қуанышы өзі сүйген халқы үшін ерекше болмақ. Найзағайдай жарқылдаған отты ой бар қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш Бауржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. "Ер есімі – ел есінде", - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды.

Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық-шекарашылар болды. Атақты Брест гарнизонының өзінде 1941 жылдың көктемінде біздің 3 мыңдай жерлесіміз қызмет еткен, шілде айында олардың көпшілігі әскерден елге қайтулары керек болған. Бірақ жаудың шабуылы олардың бұл жоспарларын күл-талқан етті. Соғыс өрті ішке қарай тез еніп, Брест қамалының тірі қалған қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылды. Олардың қатарында 190 қазақстандық болған және олардың көбісінің сүйегі беларусь жерінде қалған.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды.

Қазақстан армия мен флот үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындауға да лайықты үлес қосты. 1941-1945 жылдары әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам жас қазақстандық жолданды, ал Қазақстанның аумағында сол жылдары жұмыс істеген 27 әскери оқу орны толық емес мәлімет бойынша 16 мыңдай офицер дайындап шығарған.

Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам - Даңқ орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар - Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда. Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы - мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі - қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі - Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар.

Соғыстың тек майдан даласында ғана емес, тылда жүргені мәлім. Гитлерліктер КСРО-ның батыс аудандарын басып алғаннан кейін, Сібір мен Қазақстанның ел экономикасындағы маңызы күрт артқан. Жаудың қолына бермеу үшін соғыстың алғашқы айларында өнеркәсіптік кәсіпорындардың барлығы тылға көшіріле бастады. Қысқа мерзімнің ішінде Қазақстанның аумағына 142 кәсіпорын жайғастырылды, 532 506 адам көшірілді. Оған қоса, жаңа өнеркәсіптік нысандардың құрылыстары жеделдетілді. Соғыстың алғашқы 1,5 жылында Қазақстанда 25 кен орны пен шахта, 11 кен байыту фабрикалары, 19 жаңа көмір шахтасы, 3 разрез, 4 жаңа мұнай кеніші мен Гурьевтегі мұнай өңдеу зауыты іске қосылды.

Темір жол құрылысы жалғасты. 1942-1943 жылдары Мақат-Орск, Ақмола -Магнитогорск желілерінің құрылысы аяқталды. Соғыс жылдары Қазақстан жалпыодақтың мыс құймасының 30 пайызын, марганец кенінің 60 пайызын, мыс кенінің 50 пайызын, металл висмуттың 65 пайызын, полиметалл кендерінің 70 пайызын, мырыш өнімінің 85 пайызын берді. Қорғаныс өнеркәсібіне қажетті мыстың үштен бірі Қазақстанда өндірілді, сондықтан да соғыс жылдары әрбір 10 оқтың тоғызы Қазақстанда құйылды.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Республикада танк және ұшақ жасауға ақша жинау қозғалысы жүрді. 1941 жылдың күзінде Бүкілодақтық лениндік коммунистік жастар одағы (ВЛКСМ) атындағы танк дивизиясын құруға қаржы жинала бастады да, бір жылға жетер-жетпес уақыттың ішінде армия қазақстандық комсомолдардан 45 жаңа танк алды. Кейінірек халық қаражатына тағы 10 танк колоннасы, бірнеше авиациялық эскадрилия, торпедо катерлер мен атаулы ұшақтар жасалды. Соғыс жылдары Қазақстан халқы жауынгерлік техникалар жасауға 480,3 миллион рубль жинап берді.

Жеңіске Қазақстанның ауыл шаруашылығы да өз үлесін қосты. Атап айтқанда, еліміз 30,8 миллион пұт астық, 14,4 миллион пұт картоп және көкөніс, 15,8 миллион пұт ет, 3 194 мың центнер сүт, 17,6 мың центнер жүн берді. Бұл соғысқа дейінгі бес жылдағы көрсеткіштен бірнеше есе көп. Республиканың барлық экономикасы әскери «рельске» қойылды: бейбіт мақсаттағы шығыстар барынша қысқартылды, көптеген кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығаруға кірісті. Ер азаматтардың бәрі армия қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жасөспірімдер еңбек етті. Еңбек тәртібі қатайтылды, жұмыс уақыты ұзартылды. Алты апталық, 23 сағаттық жұмыс күні бекітілді, демалыстар тоқтатылды. Бірақ ешкім қынжылған жоқ. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті.

КСРО-ның батыс өңірлерінен көшірілген халықпен қоса, 1941 жылдың күзінде Қазақстанға Полвольжеден жүздеген мың немістер мен поляктар жер аударылды. 1942-1944 жылдары 507 мың балқар, қарашай, ингуш, шешен халқы, 110 мың түрік-месхетиндер, 180 мың қырым татарлары күшпен жер аударылды. Оған қоса, күн сайын Қазақстанға жаралы жауынгерлер мен офицерлер тиелген пойыздар ағылып жатты. Әскери госпитальдердің көбісі Алматыда құрылды. Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды.

Бүгін Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Даңқ монументтеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімдері өтуде. Бұл соғысты ешкім де ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы керек.

Нұрланбек Балнұр

9-сынып оқушыс «І.Жансүгіров атындағы №130 гимназия»КММ

Алматы қаласы

Жетекшісі : Жаксымбетова Алма Алимбаевна

Ер есімі-ел есінде

Шүйінші ,халқым,шүйінші!
Шүйіншіге сүйінші!
Шаттан ата-анамыз,
Шаттан ата-бабамыз,
Кек қайтарып фашистен,
Соғыс бітті жеңіспен,
Жендік жауды күресте
Жасалсын той-мереке

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына 71 жыл болады. 9 мамыр-сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған , станоктың қасынан, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Бұл мейрамды біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз- өздерінің әкелерін, ерлерін , ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жанын қиып бақытты өмірін қамтамасыз еткен Ұлы Жеңістің құрдастары тойлайды. Ұлы Жеңіс күн елі мен жері үшін жанын пида еткен, туған-туысқандарына , жақын-жарандарына, туған жеріне, аулына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді.

Ұлы Отан соғысы халқымзға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жрі мен Отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерліктер көрсетті.

Иә, біздер жеңіске жеттік. Біздермен бірге бүкіл Еуропа халқы да жеңіске жетті. Біздер жер бетіне жеңіс туын тіктік. Бұл күнді аңсап мыңдаған , жүз мыңдаған боздақ көз жұмды. Жеңіс жолында жанын пида етті. Тірі қалғандар

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

көзінен жасы парлап тұрып сол күні қуанды. Жеңіс күні Сұлтан, Нүркен, Әлия, Мәншүк, Бауыржан, Мәлік, Төлеген бастаған батырлардың жас өмірлерін қиған өзге де қыршындарды еске алу орынды. Соларды еске ала отырып, 9 мамырды Жеңіс мерекесі дейміз.

Жеңіс күнін жақындатуға тылдағы миллиондаған еңбекші халық маңдай терін төкті, табан етін тауысты. Ұлы Жеңістен кейін ел есін жиды, етегін жапты. Миллиондағы халық соғыста қираған қалалар мен шаруашылықты қалпына келтіру үшін аянбай еңбек етті. Бүгінгі заманға жеттік. Қазақстан-көп ұлтты мемлекет, бұл ұлы соғысқа жүздеген ұлт өкілдерінің барлығы қатысты. Бұл соғыс сол кездегі кеңес халқының басына келген нәубет еді. Сол апаттың бетін барлық халық бірігіп қайтарады.

Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіс- достық пен бірлікті жырлаған, ер намысы боп атылған, ел дауысы боп шақырған жеңіс. Арын жалау етіп, жанын алау етіп жауға аттанған ел ұландары жерін, халқының өмірін, өзі туған өңірін, ақ сүт берген анасын, ақ самал ескен даласын қорғады. Осы соғыста қасық қанын қиып ұрыс даласынан қайтпай қалған қаһармандар қаншама?! Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігіміздің нұрындай мәңгі шуағын шашпақ!

Орынбасарова Альбина

7-сынып оқушысы «І.Жансүгіров атындағы №130 гимназия»КММ

Алматы қаласы

Жетекшісі : Жаксымбетова Алма Алимбаевна

Халқымыз қашанда асыға күтіп, қуанып қарсы алатын Жеңіс күні де таяп қалды. Алайда, ұлы жеңіс бізге оңайлықпен келген жоқ. Біреудің жан-жары, біреудің әкесі, біреудің нағашысы, біреудің жиені кескілескен шайқаста мерт болды. Қай отбасын болмасын ауыр қайғыға душар етті.

Осыншама адалдықты ары мен жанына серік еткен абзал азаматтарымыздың ерлік даңқы ұрпақтан - ұрпаққа жаңғырып жете бермек. Біз осы күндерден қанша алыстаған сайын олардың тау тұлғалары біздің санамызда биіктей береді, биіктей береді. Кіндік кесіп, кір-қоңын жуған жерін тек қана адалдықпен сүйген аталарымыздың жүрегі:

« Бола ма соғыс ? – Біздікі жеңіс!
Бірақ та соғыс болмасын деңіз!
Жеңістің құны – кесілген білек,
Жеңістің құны – тесілген жүрек,
Жеңістің құны төгілген жас қан...
... Бола ма соғыс ? – Біздікі жеңіс!

Бірақ та соғыс болмасын деңіз! » - деп соққанына еш күмәніміз жоқ.

Екінші дүние жүзілік соғыс адам баласын тарихта есепсіз шығынға ұшыратты. Ол миллиондардың тағдырына дақ түсіріп, жүректерге жазылмас жара салды. Көлемі, қаталдығы, адам және материалдық шығыны жағынан бұл соғыс адамзат тарихында жойқын ұрыс болды. Осыншама қасіретті басымыздан өткере отырып, бірауыздылықтың арқасында Ұлы Жеңіске жеттік. Гитлерлік Германияда бұрынғы КСРО-ны құртып, оны мекендеген халықтарды нәсілдік қорлау мен кемсітушіліктің мемлекеттік жоспары жасалынған болатын. Неміс фашистері кеңес адамдарын құл етуді ойлады. Сондықтан кеңес жауынгерлеріне өз елінің әр қадамы үшін қасықтай қаны қалғанша соғысудан басқа жол қалмады.

Ерліктің сан қыры бар. Дегенмен, ерлік – өмір мен өлім бетпе-бет келген сын сәттегі ерекше іс әрекеттің жемісі !

Рахымбай Ақжол

10 сынып, №33 мектеп – лицей

Алматы қаласы

Жетекшісі: Бектурганова Ғалия Бейсенбаевна

Ұлы соғыс – Ұлы жеңіс!

Ұлы ұрыс , қанды майдан даласында,
Жанған от, атылған оқ – борасында
Жатыр бір жас жауынгер жараланып,
Өлім мен өмір көші арасында.
Есіл ер тайсалмаған қалың топтан,
Қайтпаған, қаймықпаған атқан оқтан.
Ерлік пен батырлықтың үлгісіндей,
Ұран сап Отан үшін жауға шапқан.
Бүркіт Ысқақов

Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын ажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Ұлы Отан соғысы... Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сол кездегі кеңес одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктерін көрсетті. Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы отан соғысының қатпарлары парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Шайқас шептерінде көрсеткен ерлігі мен батырлығы үшін 96.648 қазақстандық жауынгерлер СССР ордендерімен және медальдарымен наградталды. Бұлардың ішінде 60 мыңнан астам қазақ жауынгерлері бар. 500 – ден астам қазақстандықтар, бұлардың ішінде 96 қазақ Совет Одағының Батыры атаған алды. Севастополь үшін шайқаста Совет Одағының Батыры Дабаш Бабажанов айрықша көзге түсті. Оның ерлігі батыр қаланы қорғау үшін болған қырғын – қияпат соғыс бейнелеген панорамаға түсірілген. Николай Гастеллоның ерлігін қайталаған Нұркен Әбдіровке шахтерлік Қарағандыда ескерткіш тұр. Біздің халқымыз Александр Матросов ерлігін қайталаған Сұлтан Баймағанбетовтың, қазақтың батыр қыздары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Маметованың, жау

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

«жолбарысына» қас қақпай қарсы шауып, гранатамен қоса жарылған Қарсыбай Сыпатаевтың есімдерін мақтанышпен айтады. Бұлардың бәріне де Совет Одағының Батыры деген жоғары атақ берілген. Совет Одағының Батыры атағын екі реттен алған, даңқты сұңқарларымыз Талғат Бигелдиновтың, Сергей Луганскийдің, Леонид Беданың және Иван Павловтың ерліктері халқымыздың мәңгі есінде. Қазақстандықтар майдан шебінің арғы жағында да – жау тылында, партизан отрядтары мен құрамаларында қайсарлықпен шайқасты. Қ.Қайсеновтың, Ә.Шәріповтың, Ж.Саинның, А.Жұмағалевтің, Ғ.Омаровтың және тағы басқа да көптеген партизандардың есімдері жұртқа әбден мәлім.

Генерал – майор И.В. Панфилов атындағы сегізінші гвардияшы атқыштар дивизиясы сол кездегі Отанымыздың астанасы - Москваны қайсарлықпен қорғаған 28 панфиловшы батырларды ғұмыр бойы құрметтеп есте сақтайды. Даңқты 180 – атқыштар дивизиясының құрамында соғысқан қазақстандық жауынгерлер рейхстагқа шабуыл жасауға қатысты, оның шаңырағына Жеңіс Туын қадады. Осынау тарихи оқиғада қазақ халқының даңқты ұлы Рақымжан Қошқарбаев айрықша көзге түсті. Ұлы Отан соғысында қазақ халқы арасынан генералдар – Ш.Жексенбаев пен Б.Игіліков, Совет Одағының Батыры С.Нұрмағамбетов, К.Бошаев, гвардия полковнигі Б.Момышұлы және тағы да осылар сияқты көптеген талантты командирлер шықты. Соғыс жылдарында жеңіс ісіне Қазақстанның жазушылары, журналистері және творчестволық қызметкерлері үлкен үлес қосты. Осынау сұрапыл соғыс күндерінде біздің халқымыз бұрын болып көрмеген табандылық пен қайсарлық танытты. Сұрапыл соғыс жылдары тар жол, тайғақ кешуден өтіп, Отанға деген махаббатын дәлелдеген ардагерлеріміз жылдан-жылға, күннен-күнге азайып келеді. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Кеңес үкіметінің күш-қуаты қазақ ауылдары болғанын ауыз толтырып айта алмаймыз. Ауылдағы қарттар, ақ жаулықты әжелер мен аналар. Жасөспірімдер еңбегі арқылы майдан қажеттілігі үздіксіз қамтамасыз етілді.

Жаутандап қарап ,дала тұр,
Көз жасын сүртіп жаңа бір.
Хабарсыз ұлын сұрауға
Жолыңды тосып ана жүр,
Қанша үйдің ұрлап адамын,
Қанша үйде сөніп қалды оттар
Көрдің бе ұлын ананың,

Соғыстан қайтқан солдаттар – деп ақын жырлағандай соғыстан ормалмай, боздақтар қатарында белгісіз кеткен жауынгерлер рухы Жеңіс күні сайын жаңғыратынына, асқақтайтынына сенемін. Өйткені, соңында оны іздейтін, рухы алдында бас иетін туыс-туғаны бар. Ұлы Жеңіс күнінде

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Отанымыз үшін өзінің жанын пидаеткен, туған – туысқандарына, жақын – жарандарына, тамыр – таныстарына қайтып оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл еліміз болып еске аламыз. Біз ұлы отан соғысындағы ұлы жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш – әрине, "Бірлік". Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Ұлы жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды біздің даңқты әйелдеріміз – өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың фабрикалар мен заводтардағы, колхоздар мен совхоздардағы орнын жоқтатпай, Жеңіс ісіне баға жетпес еңбек үлесін қосқан аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды. Міне, осы жағдайды ескере отырып, тыл еңбеккерлері ерлігін толыққанды жазған жаңаша көзқарастағы зерттеулер тіптен қажет-ақ...

Ауылдың бүгінгі тұрғындары, әсіресе, майдан даласынан жазылған Қызыл армия жауынгерінің үшбұрышты солдат хаттары мен мақтау грамоталары, «қарақағаз» және басқа да сарғайған сирек, аса құнды құжаттарды сандықтан алып, ғылыми зерттеушілер көмегімен оларды «сөйлету», көпшілік оқитын жазбаша айналымға енгізу керек. Отбасылық мұрағаттар сирек, аса құнды мәліметтерге толы. СССР халықтарының тұтасқан бірлігі мен мызғымас достығы, халық пен Армияның жаппай ерлігі жеңісіміздің кепілі болды. Міне, 71 жыл бойы көгілдір аспан астында, тыныштықта өмір сүріп келеміз. Ол үшін бүкіл саналы ғұмыры, денсаулығы, жастық-шағы өртке шалынған ата-апаларымыздың алдында иіліп тағзым етуге тиіспіз. Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын тігіп, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Жылдар өтетіні, ұрпақ алмасатыны заңдылық. Сөз соңында айтатыным, соғыс ылаңы бүгінгі ұрпақтың әрқайсысының жүрегінде берік сақталған. Сондықтан да, өсіп келе жатқан ұрпақ санасында майдангерлерге деген құрмет сөну мүмкін емес. Ендеше, Жеңіс жауынгерлеріне деген тағзым – біздің әрқайсысымыздың басты парызымыз болуы тиіс.

Сабиева Амина

7-сынып оқушысы «І.Жансүгіров атындағы №130 гимназия» КММ

Алматы қаласы

Жетекшісі : Жаксымбетова Алма Алимбаевна

Желбіре, жеңіс жалауы!

9 мамыр – сол бір қанды қырғыннан қайтпай қалған қыршын боздақтардың асқақ рухтарының аспандайтын күні. Бұл күн-әділеттің әділетсіздікті жеңген күні. Бұл күн-бүгінгі ұрпақтың сіздер сыйлаған бейбіт даму жолын одан әрі жалғастырып жатқан күні.

Н.Назарбаев

Ұлы Жеңіс Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы елдері үшін ғана емес, сонымен қатар әлем халықтары үшін де үлкен оқиға. Соғыс миллиондаған адамдардың өмірін қиып, жүздеген қала мен елді мекендерді тып-типыл етті. Сөйтіп, соғыс әр үйге, әр отбасының өміріне жазылмас жараның ізін қалдырды. Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы халықтарының тарихындағы қасіретті бет қана емес, сонымен қатар ол халықтарымыздың теңдесі жоқ ерлігі мен қажыр-қайратының, бірлігінің дәлелі. Соғыста қазақстандықтардан жасақталған әскери бөлімде ата-бабаның ежелгі қаһармандық дәстүріне адал бола білді. Сол бір сұрапыл да отты жылдарда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек еткен тыл қаһармандарының ерлік істері де ешқашан ұмтылмақ емес. Осынау күн-бейбітшілік сүйгіш адамдар асыға күтетін қасиетті күн. Біз майдангерлер алдында және соғыстың ауыр жылдарында тылда жан аямай еңбек етіп, зауыт-фабрикаларды, ұжымдық шаруашылықтарды жеңісті жақындатуға үлес қосқан қажырлы жандар алдында басымызды иеміз. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «Біз жеңімпаздар ұрпағымен мақтанамыз. Бүгінгі Отан қорғаушылары, біздер үшін олардың соғыс жылдарында көрсеткен жан қиярлық ерлігі-Отанға қызмет ету ісінде мәңгілік өнеге», -деп айтқан болатын. Уақыт өткен сайын сонау сұрапыл қырқыншы жылдар оқиғасы тарих қойнауына еніп, оған қатысушылар қатары азайып келеді. Ендігі біздің парызымыз-ардагерлерді қамқорлыққа бөлеу.

1941-1945 жылғы Ұлы Отан соғысына Қазақстан 1 миллион 366 мың адамын аттандырды. Статистика Жеңіс күніне олардың тек жартысының ғана аман жеткенін айтады. Қалғандары ұрыс даласында мәңгілікке көз жұмған. Ал бұл дегеніңіз-республика халқының 11 пайызы еді. Қандай қасірет десеңізші...

Бірақ олар бізге «Жеңіс!» атты қасиетті де, қастерлі сөзді сыйлап кетті. Сондықтан да біз сол аталарымыз бен ағаларымызға мәңгілікке қарыздармыз. Өйкені бұл Жеңіссіз планетада бейбітшілік болмас еді. Бұл

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Жеңіс болмаса көптеген елдер мен халықтардың тағдыры басқаша қалыптасар еді. Бұл Жеңіссіз бүгінгі тәуелсіз Қазақстан да болмас еді.

9 мамыр- бұл 71 жыл бойғы бейбіт өміріміздің бастауы болған күн. Адамзат тарихындағы ең ауыр қантөгіс соғыс аяқталған ақжолтай күн.. Фашизмді жеңген қаһарман халқымыздың мереке күні. Осынау қуаныш үшін өмірлерін қиған боздақтарды еске алу күні... Үйіне, отбасына, ата-анасына оралмаған аталарымызбен ағаларымызды сарыла күткен сағыныш күні... Бұл күні аналар мен жесірлердің жүрегі осыдан 71 жыл бұрынғы 9 мамырдағыдай сыздайды. Дәл 1945 жылғыдай бүгін де жеңімпаздардың, олардың балаларының, немерелерінің жүрегі мақтаныш сезіммен лүпілдей соғады! Бүгін ардагер ағаларымыздың ұрпақтары тәуелсіз Қазақ еліне өзінің адалдықтары жөнінде ақ шашты аталары мен самайын қырау шалған акелері алдында ант береді!

Советова Айгерім

7-сынып оқушысы

«І.Жансүгіров атындағы №130 гимназия»КММ

Алматы қаласы

Жетекшісі : Жаксымбетова Алма Алимбаевна

Ерлік есте сақталады

Алғашқы күннен бастап, 1945 жылдың мамыр айы бұрын-соңды болмаған нұрын төкті. Ел-жұрт табиғат шуағына шомылды. Нұрына бөленді. Адамдар бетінен күлкі, жайдарылық, жылылық сезілді. Өйткені, «Қызыл армия Берлинге кірді» деген хабар лезде тарады. Сондықтан 1417 күнге созылған қанды қырғынның жеңіспен аяқталар сәтін ақ шашты ана да, белі бүгілген қарт та, майданда қанды белшесінен кешкен жауынгерлер де, олардың елде қалған балалары мен іні-қарындастары да, екі көзі төрт болып күткен арулары да аңсады, армандап асыға күтті. Сол күн туды. 9 мамыр мейрам деп жарияланды. Жеңіс күні деп бүкіл әлемге паш етті. Халық сол хабарды естіген сәттен бастап, бұған дейін тұла бойыңды тітіреткен «соғыс» деген ұлы жыландай суық сөзден мәңгілік құтылғандай сезінді. Неміс басқыншылары басынан бақайшағына дейін қарулы болғанымен, Кеңес мемлекетінің жалаңаш қызыл қаруы – патриоттық ұлы рухы оған тайсалмай қарсы шықты. Миллиондаған денелер майдан далаларында туралып жатса да, өрттей өршеленіп екінші бір толқын бой көтеріп жатты. Соғыс комбайны қарттан емшектегі балаға дейін қомағайланып жұтып жатты. Соғыс мынау орыс, мынау хохол, мынау қазақ деп ұлтқа бөлген жоқ. Алып майданда сан қилы ұлт өкілдері қол ұстасып, қоян-қолтық соғысқа қарсы соғысты. Қарттардың, сәбилердің қынадай қырылуы олардың кеуделерінде кек отын тұтандырды.

Соғысты, фашизмді олар жек көрді. Міне, осы кек, жек көру сезімі алапат күшке айналып жеңіске әкелді. Бұл Кеңес мемлекетіндегі жүздеген ұлттың ортақ жеңісі еді. 9 мамыр-сол бір қанды қырғыннан қайтпай қалған қыршын боздақтардың асқақ рухтарының аспандайтын күні. Бұл күні-әділеттің әділетсіздікті жеңген күні. Бұл күні-бүгінгі ұрпақтың ардагерлер сыйлаған бейбіт даму жолын одан әрі жалғастырып жатқан күні. Адамзат тарихындағы ең ауыр қантөгіс соғыс аяқталған ақжолтай күн... Фашизмді жеңген қаһарман халқымыздың мереке күні. Осынау қуаныш үшін өмірлерін қиған боздақтарды еске алу күні. Жеңіс күні-адамзат тарихындағы ең қуанышты күндердің бірі. Бұл күні қуанамыз да қайғырамыз, күрсінеміз де мақтанамыз. Қуанатынымыз-бұл күн баршаны бақытқа бөледі, күллі жұртшылық болып Ұлы Отан соғысының құрбандары мен ардагерлердің ерен ерлігіне бас иді. Қайғыратынымыз-осы қырғын соғыста жиырма миллион азаматымыздан айрылды. Күрсінетініміз-атасы мен әкесі, ағайын-

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

туысы Отан соғысының өртіне шарпылмаған шаңырақ бар ма?
Мақтанатынымыз-күйзелген көңілдер, жүдеген жандар Ұлы Жеңістен
жұбаныш, қуаныш тапты.

Елі үшін жанын қиған,
Ерлер есте сақталады.
Жас жүрекке жалын құйған,
Ерлік есте сақталады.

1945 жылы Жеңіс туын желбіретіп жеткен ардагерлеріміздің де көбі бүгінде
ортамызда жоқ. Олардың қан майдан кешкен ерлігін, тылдағы қажырлы
еңбегін бүгінгі ұрпақ ұмытпақ емес.

Аш тарихтың есігін,
Бәрінің де еске алып есімін
Еске алайық ерлігін,
Өлілерге тағзым-парыз,
Ұсынайық жыр гүлін.

Сүлеймен Хабиба

Алматы қаласы
№ 148 мектеп – гимназияның
5 сынып оқушысы
Жетекшісі: А.А. Салықбаева

Жеңісті жақындатқан қаһармандар

Мен Қазақстанды жақсы көремін. Себебі мен осы елде тудым. Қазақ елі басынан талай қиындықты өткерді. Отанымның мақтанышы да өте көп. Оның тарихының түбі тереңде жатыр. Қазақтың батырлары да жетерлік. Ғалым, ғұламасы да жетіп артылады. Қазақстан даму үстінде. Өскелең жас ұрпақ оны көркейтуге атсалысуымыз керек.

Қазақстанның әсем жерлері, тау мен тасы өте көп. Зерттелмегені де қаншама. Қазақтың даласы тұнып тұрған байлық. Тек оны ысырап қылмауымыз керек.

Қазақтың жүрегінде мәңгілік өшпес от қалдырған жылдар, әрине, соғыс жылдары. Қазақ жерінде небір қантөгіс майдандар болған. Сонау елімізге моңғолдардың шабуыл жасауынан бастап, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жариялануына дейін қаншама майдан болды. Сондағы батыр бабаларымыз өсиет етіп қалдырған жері бабадан балаға дейін мирас болып сақталуы тиіс. Оны ары қарай жалғастырып, көркейту - біздің міндетіміз.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі. Оны әр заманда да сақтап қалуымыз қажет. Тілімізді шұбарлап сөйлеудің тіпті де қажеті жоқ. Біз шет тілде сөйлесек, өзімізден кішілерге қандай үлгі, тәлім-тәрбие береміз?!

Ұлы Отан соғысы - қазақтардың басынан өткерген ең бір қиын кездердің бірі. Мен әрине ондай қасіретті көрмедім. Бірақ бабаларымның ондай азап шеккені өте аянышты. Сол заманда данышпан елім «Катюшаны» ойлап таппағанда, біз мұндай бейбіт өмір сүрмес едік. Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Бауыржан Момышұлы, Хиуаз Доспанова, Талғат Бигелдинов және т.б. батырларымыздың алдында мәңгілікке қарыздармыз. 1418 күнге және түнге созылған Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталды. Олардың көпшілігі жер жастанды. Бірақ жауды ақыры жеңді. Соғыс жылдары 497 қазақстандық ерен еңбегі үшін Кеңестер одағының батыры атанды. Ал осы соғыста мыңдаған қазақ ерлік көрсетті.

Қазақтар майданда ғана емес, тылда да еңбек етті. Қазақстандық еңбекшілер «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» - деп, күн демей, түн демей еңбек етті. Олар неғұрлым көп тер төксе, соғұрлым жеңіс туының көгімізде желбірейтінін түсінді. Осы соғысқа Қажымұқан Мұңайтпасұлы өзінің жинаған қаржысынан 100 рубль берді. Ол ақшаға ұшақ сатып алынып, онымен қазақ ұшқышы ұшты.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Қазіргі таңда 9 мамыр «Жеңіс күні» деп тойланады . Алматыда жиырма сегіз панфиловшыларға деген құрметіміздің нышаны ретінде 28 батырдың атында саябақ бар. Әрине олардың ерлігі ұмытылмас ерлік. Оның жөні бөлек.

Бауыржан Момышұлы - Отан соғысында ерекше көзге түскен командирлердің бірі. Оның есімі ауылдарға, көшелерге, Республикалық әскери балалар мектебіне берілді. Сонымен қатар Бауыржан атамyz жазушы да болған. Оның: «Ұшқан ұя», «Төлеген Тоқтаров», «Соғыс психологиясы» және тағы да басқа туындылары бар. Шығармалары бірнеше рет шет тілдеріне аударылды. Ол өмірінің соңына дейін шығармашылық жұмыспен айналысады.

Ұлы Отан соғысына қаһарман апаларымыз да қатысқан. Олардың бірі - Әлия Молдағұлова. Ол қазақтың бетке ұстар қайсар қызы. Оған Кеңес Одағының Батыры деген атақ берілген. Оның бір жағынан нағашысы Әубәкірдің тәрбиесінде болғаны да оның жаужүрек болып өсуіне ықпал етті. Оның атында Мәскеудің №891 мектебі маңында мұражайы бар. Менің бір таңқалғаным, алпауыт мемлекет Ресей оны құрметтейді.

Мәншүк Мәметова апамыз да - қаһарман қазақ қызы. Ол соғыста қасық қаны қалғанша шайқасты. Аға сержант, пулеметші ол ұрыстарда асқан мергендігімен және табандылығымен көзге түсті. Невель қаласы үшін болған кескілескен шешуші ұрыста Мәншүк Мәметова апамыз ақтық демі біткенше пулеметпен оқ боратып, ерлікпен қаза тапты. Туған жерінде оған ескерткіші орнатылған. Невель, Алматы, Орал және т.б. қалаларда оның атымен аталған көшелер бар.

Біз елімізді қасық қаны қалғанша қорғаған ата-апаларымызға мыңнан бір алғыс білдіреміз. Себебі, әрбір қазақ жүрегінде өшпес от қалдырды! Қазіргі таңда елімізде соғыс ардагерлері күннен күнге азайып барады. Оларға көмек көрсетіп, құрметтеу біздің міндетіміз деп білем. Еліміздің асқақтап, көркейгенін көрген олар балаша қуанар еді. Менің ойымша еліміз аман, жұртымыз тыныш болса алдыға қойған көптеген мақсаттарымыз орындалатынына кәміл сенемін!

Телибаева Жансая

6 сынып, №76 ЖББМ

Алматы қаласы

Сынып жетекшісі: Алданазарова Мухаббат Сабитовна

Екінші дүниежүзілік соғыс 1939 жылы Германияның Польшаға шабуылымен басталды. Олардың жетекшісі Адольф Гитлер Германияда қатаң тәртіп орнатады. Гитлер КСРО-ны басып алу мақсатында «Барбаросса» атты жоспар құрады. Ең алдымен КСРО-ның батысына шабуыл жасап, Украина, Белоруссия, Ресейдің еуропалық бөлігі Мәскеуге дейінгі аумақ түгел жаудың қолында қалады. Ал КСРО-ның әскері кері шегінеді. Себебі: соғыс басталғанда репрессиялық уақыт болған. Сол кезде ең жақсы деген офицерлер ату жазасына кесілген болатын. Соның әсерінен армияны басқаратын талантты командирлер қалмады.

Кейін шегінген әскер Мәскеуге 25-30 шақырым таяп келді. Мәскеу тұрғындары түгелдей сапқа тұрып қорғауға шықты. Осы шайқаста Қазақстанда құрылған 316-атқыштар дивизиясы қатысады. Бұл дивизияны генерал-майор И.В.Панфилов басқарады. И.В.Панфилов Мәскеуді қорғау кезінде үлкен ерлік жасап қаза табады.

Панфилов қаза тапқаннан кейін дивизия жауынгерлері өздерін панфиловшылар деп атаған. 28 батыр жаудың 20, содан кейін 30 танкісін 4 сағат бойы қалаға жібермей ұстап тұрып қаза табады. 28-панфиловшылардың барлығына Кеңес Одағының батыры деген атақ беріледі. Осы Мәскеу үшін шайқастарда белгілі қазақ батыры аға-лейтенант Бауыржан Момышұлының басқарған батальон жауынгерлері үлкен ерлік көрсетеді. Мәскеу үшін шайқастарда Мәлік Ғабдуллин, Төлеген Тоқтаров т.б. жауынгерлер мемлекеттік наградаларға ие болған.

Ұлы Отан соғысы тарихында қаһарман қала – Ленинградты қорғаудағы және азат етудегі кеңес халқының ерен де ерлікке толы батырлығы ерекше. Германия әскері Ленинград қаласына шабуыл жасап, басып алмақшы болады. Алайда кеңес әскері бұл әрекетіне қарсы тұра білді, жау әскері оларға жауап қайтарып қаланы қоршауға алып, қаламен барлық байланысты үзіп тастайды. Фашистердің ойынша аштықтан, суықтан қалжырақан халық өздігінен беріледі деп ойлады. Қалада азық-түлік жетпей ашаршылық басталады. Соған қарамастан қала халқы жұмыстарын істей береді. Ленинградтан орталыққа дейін тек қана бір жол болатын. Осы жолмен Ленинградтан жүк машиналары азық-түлік оқ дәрілерді тасымалдайтын. 1994 жылы ғана жау қоршауын бұзып, ығыстырып қуып шықты. Қазақстандық 310,316 атқыштар дивизиясы Ленинград үшін болған шайқаста басынан аяғына дейін қатысады. Әйгілі шығыстың қос жұлдызы Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова сияқты қыздарымыз ерлікпен қаза тапты. Сонымен

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

қатаркеудесімен жау пулеметін жауып қаза тапқан Сұлтан Баймағамбетов сияқты батырларымыздың ерлігі ешқашан ұмытылмайды.

Ұлы Отан соғысында әрбір қазақстандық майданға қатысты. Ұлы Отан соғысы жылдары КСРО бойынша 11600 адам ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атты атағын алса, соның 497 қазақстандықтар болды. Ұлы Отан соғысы жылдары ең алғаш Кеңес Одағының Батыры атағын алған қазақстандық К.А.Семеченко болды. Ұлы Отан соғысы жылдары Кеңес Одағының Батыры атағын алған ең жас қазақ жауынгері Ж.Елеусіз еді. 1941-1945 жылдары қазақтың 100-ге жуық ақын жазушылары соғысқа қатысты.

1945 жылы 9 мамырда Кеңес қызыл армиясы Германияның астанасы Берлин төбесіне жеңіс туын тікті. Олардың ішінде Рейхстаққа бірінші шыққан Р.Қошқарбаев болды. Бір өкініштісі Кеңес өкіметі Р.Қошқарбаевтің ерлігін жасырып, Рейхстаққа бірінші мінген орыс пен грузин болуы керек деп мойындамады. Ұлы Отан соғысы 1945 жылы Германия өзінің жеңілгендігін мойындағанмен Екінші дүниежүзілік соғыс басталды. Соғыс жылдары капитан Н.Ф.Гастеллоның ерлігі саналып, ұзақ уақыт бойы ұмыт қалған Бақтыөраз Бейсекбаевтың есімі халқымызбен қайта табысты. Б.Бейсекбаевқа Ресей Федерациясының батыры, «Халық қаһарманы» атағы берілді. Ұлы Отан соғысы жылдарында КСРО 27 млн азаматынан айырылды, соның 4101 қазақстандықтар болды. 1710 қала типтес мекен, 70 мыңдай ауыл-селолар қирады. Ұлы Отан соғысы халықтардың достығын нығайтты. Жеңіс КСРО-ның болашағына төнген қауіптен сақтап қалды. Ұлы Отан соғысы КСРО-ның құрамындағы халықтардың басынан өткен қиындыққа толы кезең болды. Осы қиындыққа толы кезеңді біздің Қазақ елі мүдірмей өтті.

Міне Жеңіске 2015 жылы 70 жыл толған, осы жылы 71 жыл толмақ. Қанша жерден экономика өссе де біз Жеңісімізді ұмытпауымыз керек. Қазақ елі көп қиындық көріп жапа шексе де ешқашан берілмеген, осы қиындықтың бәрі Ұлы Отан соғысы кезінде болды.

Тоқбаева Ақнұр

9 сынып оқушысы №175 «Жаңа Ғасыр» гимназия

Алматы қаласы

Жетекшісі: Қойгельдинова Жазира

Ұлы Отан Соғысына — 71 жыл

Ұлы жеңіс... Ұлы Жеңістің 71 жылдығы да жақындап келеді. Уақыт өз дегенін жасайды. Жыл өткен сайын бізге Ұлы Жеңісті сыйлаған ардагерлеріміз бен тыл жұмыстарында аянбай тер төккен жандардың қатары сиреп барады. Сондықтан Ұлы Жеңістің авторлары – майдангерлерімізді сыйлап, құрметтеу, оларға қамқорлық жасау басты борышымыз. Әрбір қазақ жеңістің қандай қиындықпен, қандай күш-жүгерімен келгендігін жастайынан сезініп білген. Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық шекарашылар болды. Соғыс Қазақстан үшін кенеттен басталса да, бүкіл Кеңес Одағындағы өзге елдердегідей қазақтар да бірінші күннен соғысқа қатысты.

Осы соғыста қаншама адам қаза тауып, қаншамасы мүгедек атанды. Қаншама ана жесір, балалар жетім қалды. Оңай келмеген жеңісте ерен ерлігімен көзге түсіп, ерекше сый-құрметке ие болған сан мыңдаған жауынгерлердің ішінде қазақ аталарымыз бен апаларымыз да көп. Ерлігін жыр қылып айтатын әрбір қазақ батырымызды ешбіріміз ешқашан ұмытпаймыз. Қазір қазақ елдімекендерінде көптеген көшелер, ғимараттар, оқу орындарына Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қазақтардың есімдері де берілді. Ол деген біз, яғни, кішкентай қазақтар өз ата-апаларының ерліктерін ұмытпасын, біліп жүрсін, мақтан етсін деген ой. Қазіргі кезде сол батырларымыздың қатары сиреп, азайып қалды. Олар - біздің мақтанышымыз! Сондықтан оларда қорғау біздің борышымыз.

9 мамыр – бұл мереке ғана емес, бұл халықтың ерлігі. Біздің парызымыз – бұл күнді ешқашан ұмытпай есте сақтау!

Осыдан 71 жыл бұрын, бұл күні адамзат тарихындағы ең сұрапыл, жойқын соғысы Ұлы Отан соғысы аяқталды. Екінші дүниежүзілік соғыс, біз үшін Ұлы Отан соғысына 6 материктің сол кездегі әлемнің дербес 60 астам елі қатысқан болатын.

Айбынды білек, жеңістеріне сенімді ыстық жүректері мен қайрат күштерімен кешегі жігіттер бүгінгі, өнегелі аталарымыздың арқасында 1945 жылдың 9 мамыр күні Ұлы мереке – жаудың жеңіліп, соғысты жеңіспен аяқтадық!

Бүгінде Жеңіс күні мерекесі адамдардың ұлтына, дініне, тілі мен мәдениетіне қарамастан ортақ қуаныш күні. Бұл қастерлі мейрамның мән мағынасы уақыт өткен сайын еш өшпек емес, себебі оның құндылығы

ғасырлар бойы жаңа жас буын ұрпаққа өсиет боларлық жақсылық жеңген Ұлы күн!

Ендеше, бейбіт көк аспанды кейінгі ұрпақ үшін киелі болсын деп қан-майданға аттанған жауынгер аталарымызға кезек берсек.

Қазақ топырағынан Ұлы Отан соғысына бір миллионан астам ержүрек жауынгерлер қан майданға аттанған. Соғысқа қатысушылар ерлігі еш ұмытылмас. Батыс шекарада алғашқы соққыны күтіп алған сарбаздар ішінде отандастарымыз да болған. Жауды жеңу үшін барын аямай, жеңісті жақындату жолында қаза болды. Соғыстың соңғы күндерінде де Қазақстаннан шыққан жауынгерлер алдыңғы шепте болған. Рейхстагқа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев та бәрінің есінде қалды.

Брест қамалын қорғаушылар арасында шекарашылар – Қ.Абдрахманов, В.Лобанов, атқыш Қ.Иманқұлов, пулеметші Е.Качанов, минометші В.Фурсов, зеңбірекші Ғ.Жұматов болған. Қазақстандықтар Лиепая, Перемышль, Сааремаа аралы, Мурманск, Одесса және Севастополь қалалары үшін болған шайқастарға қатысқан.

Сондай-ақ Қазақстаннан майданға аттанғандардың ішінде партизандық күреске белсенді араласқандары да бар. Тек Ленинград облысындағы партизандық қозғалыстың өзінде 220 қазақстандық болған. Ұлы Отан соғысының 11600 жауынгері Кеңес Одағының батыры алса, оның 497-і қазақстандық болған. Қазақстандықтар ішінен Кеңес Одағы батыры атағын ең бірінші болып 19-шы танк дивизиясының генерал-майоры К.А.Семенченко алды. Батыр атағын екі мәрте алған 4 қазақстандық бар. Олар: Т.Бигелдинов, Л.Беда, И.Павлов, С.Луганский. Кеңес Одағы батырын алғандар арасында пулеметші М.Мәметова, мерген Ә.Молдағұлова, атқыштар С.Баймағамбетов, И.Новиков, қалқан бұзушы П.Миллер, минометші Қ.Спатаев, кавалерист М.Қатаев, сапер П.Гончар, торпеды кемеңнің командирі Б.Ущев, атқыштар дивизиясының басшысы Ғ.Сафиуллин, Бауыржан Момышұлылар бар. Лейтенант Р.Қошқарбаев, Б. Чупрета, взвод командирі К.Метов, минометші А.Бақтыгереев, пулеметші П.Вицько, К.Волочев және т.б. КСРО ордендері мен медальдарының кавалерлері атағын алған.

Соғыстың ауыртпалығын көтеріп, бостандықты қорғаған қазақстандық батырлардың есімі әрқашан ел есінде сақталады. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап “Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!” деген ұранмен соғысқа аттанған ерлердің орнын әйелдер, қариялар мен балалар алмастырды. Тыл еңбеккерлерінің де жауды жеңудегі рөлі жоғары. Олар соғыс күндерінің барлық ауыртпалықтарын қажырлылықпен көтеріп, патриотизм үлгісін танытты.

Майдандардағы жеңіске тыл еңбеккерлерінің қосқан үлесі зор. 1939 жылғы санақпен салыстырғанда 1942 жылы Қазақстанда ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің саны 600000 адамға азайған. Ауыл

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

шаруашылығында еңбектенген ерлердің майданға шақырылуымен олардың орнын қариялар, әйелдер мен балалар басты. 1944 жылы қолхоздағы еңбекке жарамды ерлердің сандық үлесі – 20%, әйелдер – 58%, жасөспірімдер – 22% болды. Яғни, майданды азық-түлікпен, шикізатпен іс жүзінде әйелдер, балалар мен қарт адамдар қамтамасыз етті.

Соғыстың шарпыған жалынын тоқтату жолында көптеген азаматтар қаза болды. Бірақ олардың алып берген жеңісін кейінгі ұрпақ бағалауда. Аспан әрдайым ашық болу үшін барлық күштерін сарп еткен азаматтарға мың да бір алғыс. Ұлы жеңіс кейінгі ұрпаққа аманат!

Ходжалакова Эльвира

8-сынып, №193 ЖББМ

Алматы қаласы

Жетекшісі: Каракенева Людмила Васильевна

1941 жылы 22 маусымда Фашистік Германия соғыс жарияламастан, жасалған келісімді бұзып КСРО аумағына басып кірді. Фашистер Кеңес адамдарын қырып-жоюды бастады. Ал Кеңес адамдарының патриоттық сезімдері бұл жоспарға қарсы тұра білді. Қазақстан халқы Отан қорғаушылар қатарына өз еркімен жаппай жазыла бастады.

Ұлы Отан соғысы кезіндегі біздің жерлесіміз-атақты қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлының батырлығы ешқашан ұмытылмас. Ыстық-суық майданның, оқ пен оттың қақ ортасында қан кешіп, қар жамылып, өліммен күнде бетпе-бет келіп жүрген қазақ қолбасшысының ерлігі, тапқырлығы мен талапшылдығы, жауапкершілік сезімі әрқашан да ел есінде.

Жауға қарсы шайқастарда алдыңғы қатарда жүрген қазақтың екі қызы-мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова. Алматы медицина институтының студенті Мәншүк Мәметова: «Отбасымыздан майданға жіберетін ешкім жоқ, ағам да, апам да жоқ, сондықтан өзімді жіберуді өтінемін», - деп әскери комитетке өтініш берген.

Фашистік баскесерлердің ордалы ұясы- Рейхстагқа шабуыл жасап, Жеңіс Туын тіккендер арасында болған қазақстандық Рақымжан Қошқарбаев орденмен марапатталды. Жаудың ішінде партизандарды басқарған Қасым Қайсеновтың жасағы дұшпанның көптеген санын жойды. Қ.Қайсенов мемлекетіміздің ең жоғарғы «Халық Қаһарманы» атағымен қоса Алтын Жұлдызбен марапатталды.

Мәскеу түбіндегі шайқаста өшпес ерлік көрсеткен қаһарман генерал Панфилов атындағы 8-гвардиялық атқыштар дивизиясы. Соғыстың басынан аяғына дейін қатысып, әскери бөлім ретінде өздерін сақтап қалған қазақстандық он тоғыз дивизияға құрметті атақ берілді. Олардың бесеуі бір ордендермен, төртеуі екі, екеуі үш ордендермен марапатталды. Бес дивизия гвардиялық атақ алды, солардың ішінде Кеңес Одағының Батыры И.В.Панфилов атындағы әйгілі 8-гвардиялық дивизия да бар. Неміс фашистеріне қарсы соғыста осы дивизия жауынгерлері адамзатта теңдесі жоқ ерлік жасағанын дүниежүзі біледі. В.Г.Клочковтың: «Россия-кең-байтақ, бірақ шегінерге жол жоқ, артымызда-Москва», - деген сөзі бүкіл майданға тарап, ерлігі аңызға айналды.

Талғат Бигелдинов пен Сергей Луганский екі мәрте Кеңестер Одағының батыры атанды. Ұшқыш болған бұлар көптеген әуе шабуылына қатысқан.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Қазақстандық партизандар да дұшпан тылындағы қаһармандық күресте өздерінің Отан алдындағы борыштарын адал орындады. Партизандар мен ержүрек азаматтар соғыс кезінде герман армиясына орасан зиян келтірді. Екінші дүниежүзілік соғыста кеңес халқы орны толмас зардап шекті. Жиырма миллион адам ұрыс далаларында, концлагерьлерде қаза тауып, хабарсыз кетті. Солардың ішінде төрт жүз он мың қазақстандық мерт болды. Қазақстандықтар осылай Ұлы Жеңіске өз үлестерін аямай қоса білді.

Осы бес жыл ұзаққа созылды. Елдің тыныштығы бұзылды. Адам баласы түнде ұйқысынан, күндіз күлкісінен айырылды. Сол бес жыл ішінде ер жүрек батырларымыз Отаны үшін өмірлерін қиды, немесе мүгедек болды. Қаншама бала әкесінен, қаншама ана баласынан айырылды. Соғыс әр үйге, әр отбасына жазылмас жара қалдырды.

Бұл соғысқа әр ұлт өкілдері қатысты. Оларды біріктірген –жеңіске деген құлшыныс, ел намысы. Тілі бөлек, тілегі бір, ұлты бөлек, жүрегі бір бұлардың әрқайсысы тек Жеңісті ғана аңсады.

Осы қиын жылдары Қазақстанға майдан өңірінен басқа ұлт өкілдерін Шығысқа көшіру жүргізілді. Қазақ елі осындай қиын-қыстау уақытта талай ұлт өкілдеріне пана бола білді.

Фашизмге қарсы жанпида жойқын соғысқа жұмылған кеңес адамдарының ынтымақ-бірлігі, халықтар достығы Ұлы Жеңіске әкелді

Қаншама жылдар өтсе де , Ұлы Отан соғысы ардагерлерін ешқашан ұмытқан емеспіз, және ұмытпаймыз да. Биыл біз Жеңістің 71-жылдығын атап өтпекпіз. Бұл- біздің ортақ тарихымыз. Осы Ұлы Жеңіске өз үлесін қосқан жерлесіміз Дмитрий Федорович Синецкий туралы да жазғым келеді.

Дмитрий Федорович Синецкий 1923 жылы 3 қарашада Орынбор облысы Ново-Покровка ауданына қарасты Бақа ауылында туылыпты. 1942 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылыпты. Осы уақыттан бастап қан майданда бұл кісі 118-ші минометтік полкында разведчик болып, көптеген ұрыстарға қатысқан.Бұл кісі қайырымды, қарапайым, адал адам болыпты. Соғыс жылдарында өзінің батылдығымен ерекше көзге түскен. С.Шестаковтың 1988 жылы жазылған «Голосом войны» кітабында Александр Алымовтың басшылығында болған «Демидовский» полкының арнайы минометчиктер және Д.Ф.Синецкийдің ерлігі туралы айтылған.

Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының жоғары кеңесі Президиумының нұсқауымен барлық тапсырмаларды үлгілі орындағаны және батырлығы үшін Дмитрий Федорович Синецкий алған марапаттаулар:

1943-ші жылы- Қызыл Жұлдыз Ордені

1943-ші жылы-« Ерлігі үшін» медалі.

1944-ші жылы- III деңгейлі Ордені.

1945-ші жылы- Кенинсбергті алғандағы ерлігі үшін медаль.

1945-ші жылы. Медаль . Ұлы Жеңіс. 1941-1945жж

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

1945-ші жылы. Мақтау хат. Совет Одағының Маршалы К.Рокоссовскийдың қолынан.

Ұлы Отан соғысынан кейін Дмитрий Федорович Синецкий аман-есен үйге оралып, адал қызмет етіп, еңбек майданында да көптеген жетістіктерге жеткен.

1956 жыл-медаль
1964 жыл-күміс медаль
1964 жыл-медаль
1968 жыл-қола медаль
1970 жылы- Құрмет ордені

Қазақстан Республикамыздың Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қолынан да алғыс алған Дмитрий Федорович Синецкий 2000 жылы 2 мамыр күні дүниеден өтті. Бұл Ұлы Жеңістің 55-жылдығы еді.

Қазір біз болашағы жарқын, тәуелсіз елде тұрып жатырмыз. Біздің тәуелсіз болып өмір сүріп жатқанымыз – соғысқа қатысқан батырларымыздың арқасы. Отан үшін өмірін құрбан еткен батырларды ешқашан да естен шығармауға тиіспіз. Бұл- біздің басты міндетіміз. Ұлы Отан соғысы біздің тарихымыздағы қасірет ғана емес, ол-теңдесі жоқ ерлік пен бірліктің дәлелі. Жеңіс күні-абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Ерлік, бірлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Ұлы Жеңіске жеткізді.